



ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СУСЫННАН ТӨНГЕН ҚАТЕР



СӨЗІҢ МЕН ІСІҢ САЙ МА?

# Мұшарға

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ ГАЗЕТИ

№24 (78)  
27.12.2022  
СЕЙСЕНБІ



## ҚОРЫТЫНДЫ ТӨРАЛҚА МӘЖІЛІСІ ӨТТІ



Қайырғұр: ДИЯБЕК (Фотос)

## АҚЖҮРЕКТІҢ БЕЛГІСІ – АЛЛАҒА ДЕГЕН МАХАББАТ

Жүрек – иман мен күпірліктің, сүю мен жек көрудің, таным мен соқырлықтың, күмән мен нақтылықтың, қуаныш пен қайғының, тыныштық пен беймазальықтың, тағы сол секілді қым-қиғаш сезімдердің тоғысқан мекені. Осы тайталасқан сезімдердің қайсысы басым түссе, жүрек соның өсеріне бағына бастайды. Сол себепті жүрек – ұқыптылық пен тәрбиені қажет етеді.



Дейтұрғанмен әр нәрсенің түпнегізі, табиғи жаратылысы болатыны күмәнсіз. Ал жүрек әубаста, яғни бала кезімізде, күнә атаулыдан таза кезімізде ар-ұятпен егіз, жақсылыққа бейім, кіршіксіз калыпта болатыны белгілі. Ол жайында ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Адам дүниеге (фитрамен) ізгілікке, Исламға бейім табиғатпен келеді», – деген мағынадағы хадисі бар. Шын мәнінде, «жүрек үні» делінетін ар-ұяттың айтқанын тыңдау – иманмен және ақылмен қатар адамшылықты сақтаудың басты шарты.

(Жалғасы 5-бетте)

Елордада Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының кеңейтілген Төралқа мәжілісі өтті. Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының төрағалығымен өткен 2022 жылдың қорытынды жиынына наиб мүфтилер, Діни басқарманың бөлім басшылары мен мамандары, сондай-ақ 20 өкілдіктің бас имамдары қатысты.

### Ермұрат ШОПАН

Касиетті Құран Кәрім аяттарын оқумен басталған жиында ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы: «Аллаға шүкір, біз осы жылды жақсы нәтижелермен қорытындылап отырмыз. Еліміз үшін түрлі сынақтарға толы өткен 2022 жылы да Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен оған қарасты мешіт имамдары, барша дін қызметкерлері халықпен бірге болды. Қиналғанға қол ұшын созып, қайғырғанның мұнын бөлістік. «Ислам – ынтымақ пен бірлік жылы» аясында бірнеше конференция өткіздік. ҚМДБ жанынан республикалық Ақсақалдар кеңесі, біздің бастамамызбен Түркістанда

Түркі мемлекеттерінің «Мүфтилер алқасы» құрылды. Бір жылда 77 мешіт жамағаттың игілігіне берілді. Соның ішінде мұнарасы көкпен таласып, алып күмбезі төрткүл дүниені тамсандырған елордадағы Республикалық бас мешітті ерекше атап өтуіміз керек. Мысыр, Түркия, Сауд Арабиясы Корольдігі мен Марокко Корольдігіне жасаған ресми сапарымыз жемісті болды» деді.

Төралқа жиынында Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстардың бас имамдары өңірдегі биыл әртүрлі бағытта атқарылған жұмыстардың қорытынды есебін жеке-жеке баяндап, слайд түрінде ұсынды. Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы дін қызметкерлерінің жыл бойына атқарған жұмысына он баға беріп, сәттілік тіледі. Сондай-ақ жетілдіруі қажет

тұстарын екшелеп, кемшін түсіп жатқан бағыттар бойынша әлі де жұмыс істеу керектігін ескертті.

Төралқа мәжілісінде бөлім менгерушілері мен мекеме басшылары, сондай-ақ мүфтияттың Түркия, Мысыр және Сауд Арабиясы Корольдігіндегі жауапты өкілдері баяндама жасады. Алғашқы баяндаманы Бас мүфти кеңесшісі Кенжетай Байкемелұлы жасап, Діни білім және кадр даярлау бөлімінің менгерушісі Смайыл Сейтбеков, Уағыз-насихат бөлімінің менгерушісі Батыржан Мансұров, Діни оналту бөлімінің менгерушісі Хасан Аманқұл, Діни сараптама бөлімінің менгерушісі Нұрлан Қайырбеков пен Мешіт істері бөлімінің менгерушісі Марат Абдуллаұлы жалғастырды.

(Жалғасы 2 бетте)

Бағдат МАНАБАЕВ,  
«Хусамуддин ас-Сығанақи»  
Ислам институтының директоры:

## БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ – ДІН МАМАНДАРЫНЫҢ БІЛІМІН КӨТЕРУ



Күз айында ҚМДБ төрағасы, бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының бастамасымен елордада «Хусамуддин ас-Сығанақи» ислам институты ашылған-ды. Аталған институт директоры Бағдат манабаевпен сұхбаттасып, оқу орнының тыныс-тіршілігімен танысқан едік.

»6

## ДУМАН СЫЙЛАҒАН ДОП ДОДАСЫ

Бір ай бойы естен кетпес думан сыйлаған доп додасы да аяқталды. Әлем чемпионаты – ең маңызды турнир. Тіпті ойынымен жер-жаһанды тенті еткен футболшылардың өзі «Өзге турнирлерде жеңген атағымызды жиып-теріп жалғыз-ақ әлем чемпионатының кубогына айырбастар едік» деп сұхбат беріп жатады. Осының өзі мұнда алдың маңызынан хабар бермей ме?! Биылғы турнир сенсацияға толы болды. Болжам жасаудың пайдасыз шаруа екенін осы турнир одан әрі дәлелдеп бергендей.



Сайыпқыран аяқдопшылардың қай-қайсысы да чемпион болуға лайық. Кіл мықтылардың басын қосқан Англия құрамасы, «алтын буын» атағын 10 жыл бойы аркалап келе жатқан Бельгия құрамасы, жас перілерден жасақталған испандар, қай жарыстың да фавориті болып саналатын Германия, тізгінін аңыз бапкер Луи ван Гал қайта ұстаған Нидерланды, Роналду бастап, Брунолар қостаған Португалия, «чемпиондық тап осы жолы бізге бұйыралды» Катарға сенімді келген Бразилия... қайсысы болмасын, сары кубокты төбесіне көтеруге лайық еді.

(Жалғасы 8-бетте)

## QR КОД АРҚЫЛЫ ТЫҢДАҢЫЗ!



Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының «Тәпсірлердің таңдаулысы» тақырыбындағы төртінші дәрісін тыңдаңыз.



ҚМДБ Уағыз-насихат бөлімінің менгерушісі Батыржан Мансұровтың «Адам баласының жауы» тақырыбындағы дәрісін осы жерден тыңдауға болады.



ҚМДБ Шариғат және пәтуа бөлімінің маманы Бауыржан Әбдуәлінің дәрісін тыңдаңыз. Дәріс тақырыбы – «Тәубе жайлы».



Әр айдың намаз кестесін осы жерден көрсеніз болады. Мұнда еліміздің барлық қаласындағы намаз кестесі жинақталған.



## Лудоманияның ДАУАСЫ? БАР МА?

Лудомания, яғни ойынқұмарлық – қоғамды құлдыратып, айрандай ұйып отырған отбасылардың шырқын бұзып, елдің бәрекетін кетіретін зиянды әдет. Егер адам напсісіне ие бола алмаса, оның түрлі күнәлі істерге бейім келетіні сөзсіз. солардың ішінде осы ойынқұмарлық та оңайлықпен емделмейтін рухани дертке баланып отыр.

»4





# ҚОРЫТЫНДЫ ТӨРАЛҚА МӘЖІЛІСІ ӨТТІ



(Басы 1-бетте)

Сондай-ақ Діни басқармаға қарасты «Халал Даму» стандарттау және сертификаттау мекемесінің директоры Айбек Аскарбекулы, Республикалық бас мешіт-тің имамы Қанат Қыдырмин мен Хусамуддин Әс-Сығанаки атындағы ислам институтының директоры Бағдат Манабаев және мүфтияттың Түркия, Мысыр және Сауд Арабиясы Корольдігіндегі өкілдері әрі осы елдердегі «Талаба» қауымдастығының жетекшілері Жандос Айтбай, Руслан Серғазиев пен Абдулахад Смановтар 2022 жылы атқарылған жұмыстарын баяндап берді.

Мәжіліске қатысушы бөлім менгерушілері мен облыстық өкілдіктердің бас имамдары ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы барша дін қызметкерлеріне алғысын білдіріп, мүфтият жұмысын әлі де жетілдіре беру қажеттігін, алдағы жылы бұдан да жоғары деңгейде елеулі істерді атқару керектігін еске салды.

Мәжіліс барысында «Мүфтият үздігі – 2022» номинациясымен марапаттау рәсімі өтті. Салтанатты шараға Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы арнайы қатысып, номинация иегерлерін марапаттады. ҚМДБ Төрағасы: «Біз биыл «Мүф-

Омаров (Павлодар облысы), «Үздік аудан имамы-2022» – Серік Мағаз (Түркістан облысы), «Үздік наиб имам-2022» – Қайырбек Отызбаев (Қызылорда облысы), «Үздік ауыл имамы-2022» – Мұратбек Жахатов (БКО), «Үздік мешіт азаншы-



сы-2022» – Марат Дариев (Ақтөбе облысы), «Жыл уағызшысы-2022» – Нуралы Бақытұлы (Жамбыл облысы), «Жылдың қайырымды имамы-2022» – Бақытжан Икрам (Костанай облысы), «Үздік ұстаз-2022» – Марат Садырбаев (Манғыстау

сы), «Үздік намазхана-2022» – Атбасар ауданы жол бойындағы намазхана (Ақмола облысы), «Жыл есепшісі-2022» – Рымгүл Ахметова (Қарағанды облысы), «Діни оналту саласының үздігі-2022» – Ислам Қаюпов (Қызылорда облысы), «Үздік діни сайт-2022» – «Muslim.kz» сайты (Астана қаласы), «Үздік қажылық гиді-2022» – Айдоз Муталиев (Манғыстау облысы), «Үздік медресе ұстазы-2022» – Жүсіпхан Жақыпов (Түркістан облысы), «Үздік мақала авторы-2022» – Мұхамеджан Естеміров (Шымкент қаласы), «Үздік мүфтият қызметкері-2022» – Білімбек Солтанмұрат (ҚМДБ дизайнері), «Үздік өкілдік-2022» – ҚМДБ Шымкент қаласы бойынша өкілдігі.

Сондай-ақ қорытынды Төралқа мәжілісінде Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының «Ислам – ынтымақ пен бірлік діні» кітабының танытымы өтті.

Қазак қоғамына ынтымақ пен бірлікті, татулық пен қайырымдылықты насихаттап жүрген Қазақстан мұсылмандарының

кара шаңырағы – мүфтият пен мешіт имамдары, барша дін қызметкерлерінің соңғы бір жылда атқарған іс-шаралары кітапқа еніп, «MUFTYAT» баспасынан жарық көрді.

«Біз жыл басындағы елдегі жағдайға байланысты 2022 жылды діни қызмет аясында «Ислам – ынтымақ пен бірлік діні» жылы деп жарияладық. Аллаға шүкір, осы бастама аясында жоспарланған бірқатар бастамалар мен іс-шаралар жүзеге асты. «Ислам – ынтымақ пен бірлік діні» жылы аясында 400-ден астам іс-шара өткізілді. Осы шаралар келер ұрпаққа тарих болып қалсын деген ниетпен атқарылған жұмыстарымызды, жазған мақалаларымызды жинақтап, кітап етіп шығарған болатынбыз» деді Бас мүфти. Өз кезегінде ҚМДБ Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы жана кітапты облыс бас имамдарына табыстады.

Төралқа шағын футбол турнирімен тәмамдалды. «Астана-Арена» стадионында өткен доп доласына Діни басқарма қызметкерлері мен облыстық өкілдіктердің бас имамдарынан құралған 6 команда қатысты. Қызықты әрі тартысты өткен ойын нәтижесінде «Баянауыл» командасы жеңімпаз атанса, «Окжетпес» командасы 2-орын, «Алтай» командасы 3-орынды еншіледі. Сондай-ақ үздік атанған ойыншылар жеке-жеке номинацияларымен марапатталды.



Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ, ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти

# ЖЫЛДЫ ЖАҚСЫ НӘТИЖЕМЕН АЯҚТАДЫҚ

Алла Тағала қасиетті Құранда: «Ей, иман келтіргендер! Алладан қорқыңдар және әркім ертеңі үшін (ақыретке) не дайындағанына қарасын, есеп берсін. Алладан қорқыңдар, шындығында Алла не істеп жатқандарыңнан хабардар» («Хашр» сүресі, 18-аят) деп ескертеді. Жаратушы Жаббар бұл аят арқылы өз-өзімізге есеп беріп, ақыретке рухани азық жинауымызды өмір етуде. Адам баласы ең әуелі өзіне есеп беру арқылы ізгі амалдарға ыждағаттылық танытады.

Әйгілі әмірші Омардың (оған Алла разы болсын): «Есеп алынбай тұрып, өзіне-өзін есеп бер» деген сөзі кімді болсын ойландырмай қоймасы анық. Абай Құнанбайұлының: «Егер де есті кісілердің қатарында болғын келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір рет өзіннен өзін есеп ал!» деген сөзінде де үлкен мән жатыр. Өз-өзінен есеп алу Алланың разылығын алуға жетелейді.

Өздеріңізге мәлім, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жыл соңында атқарылған жұмыстарын есебін алу үшін арнайы Төралқа мәжілісін өткізеді. Аллаға шүкір, 2022 жылды жақсы нәтижемен аяқтадық. Біз жыл басында елдегі жағдайға байланысты 2022 жылды діни қызмет аясында «Ислам – ынтымақ пен бірлік діні» жылы деп жарияладық. Осы бағытта 400-ден астам іс-шара өтті.

Діни басқарма жанынан Ақсақалдар кеңесі мен Сарапшылар кеңесі құрылды. Қазыналы қарилардың қатысуымен аймақтарда 4 Ақсақалдар форумы, Сарапшылар кеңесінің 3 отырысы ұйымдастырылды. Киелі Түркістан қаласында түркітілдес мемлекеттердің «Мүфтилер алқасын» құрып, бұл бастама «Ислам өркениетінің дамуына түркі халықтарының қосқан үлесі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға ұласты.

2022 жылы имамдардың білімін жетілдіру мақсатында Астана қаласынан Хусамуддин Әс-Сығанаки атындағы ислам институтын аштық. Қазір институтта 40 имам білімін жетілдіруде. Институт жанынан Ижаза беру беру орталығын іске қостық. Бүгінгі таңда республика бойынша 7 қарилар дайындау орталығында 536 қари Құран жаттауда.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанындағы «Зекет және қайырымдылық» қоры 2022 жылы «Ел үлесі – пәтерге» жобасы бойынша баспанаға аса мұқтаж 114 отбасының баспаналы болуына ықпал етті. Аталған жоба бойынша осы уақытқа

дейін 623 баспана кілті берілді. Биыл «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы бойынша 17 870 балаға көмек көрсетілді. 48 шәкіртке ҚМДБ білім гранты табысты.

Осы жылы еліміз бойынша халыққа отбасы құндылығы, Отан қадірі, еңбек етудің маңызы, салт-дәстүр т.б тақырыпта 274 872 уағыз-насихат айтылды. Жыл бойы халықтан келіп түскен 164 229 сұраққа жауап берілді. Отбасыларға кеңес беру мақсатында 7918 жүздесу өткізілді. Республикалық діни ақпарат беру орталығына қонырау шалшылардың отбасы мәселесі бойынша 9842 сұрағына тиісті жауап берілді. ҚМДБ Ғұламалар кеңесінде 16 пәтуа қабылданды.

Сәуір айында Стамбул қаласында өткен «Жаһандық индустриалды экономикалық кризис және цифрлы әлем тұрғысынан түркі-Ислам әлемінің болашағы мен діни басқармалар» тақырыбындағы халықаралық конференцияға қатыстық. Жиында арнайы баяндама жасап, тұтас түркі жұртын біріктіретін негізгі нәрсе – тарихи тамырластық пен ортақ мүдде екенін атап өттім. Мамыр айында Сауд Арабиясының астанасы Эр-Рияд қаласында болып, халықаралық конференцияға қатысып, содан кейін қажылық мәселелері бойынша бірқатар келіссөздер өткіздік. Маусым айында Мысырға арнайы шақыртумен барып, халықаралық конференцияда баяндама жасалдым. Сондай-ақ Каирде бірқатар маңызды кездесулер өткіздік. Қазан айында Түркі мемлекеттері кеңесінің отырысына қатысу үшін Әзербайжанға барып, онда кеңестің ережесі бекітіліп, кол қою рәсімі өтті. Желтоқсан айында Марокко Корольдігіне барып, бірқатар келісімдерге кол жеткіздік.

Бұл – Діни басқарманың бір жылда бірнеше бағыттар бойынша атқарған жұмыстарының бір парасы. Мүфтият елімізді мен бірлігі үшін аянбай қызмет ете бермек. Алла Тағала халқымызға амандық, жұртымызға тыныштық нәсіп етіп, елдің шіркін даудан, сыртын жаудан аман етктей. Әмин!



Қайыр ТҮРДЫБЕКОВ (фотос)

тият үздігі – 2022» марапаттау шарасын арнайы осы Төралқа мәжілісінің күн тәртібіне енгізіп отырмыз. Әрине, бәріміз Алла үшін қызмет етеміз. Еңбектің ескерілгені де жақсы. Бұл марапат дін қызметкерлеріне ерекше күш пен жігер сыйлайды деп есептеймін» дей келе, 22 номинация бойынша үздіктерді марапаттады. Олар – «Үздік қала имамы-2022» – Абдумтали

облысы), «Үздік ұстаз-2022» – Зейнеп Үсенова (Жамбыл облысы), «Үздік халал кәсіпорын-2022» – «Kiki's» ЖШС (Алматы қаласы), «Үздік медресе-2022» – «Әбу Ханифа» медресе-колледжі (Алматы қаласы), «Үздік қарилар орталығы-2022» – «Балаби қари» Құран жаттау орталығы (Түркістан облысы), «Үздік мешіт-2022» – Абай Құнанбайұлы мешіті (Абай облы-

# БАС МҰФТИДІҢ МАРОККОҒА САПАРЫ

кездесуде айтылған бастамаларды онынан қабылдады. «Биыл екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толды. Осы орайда сіздің мұсылман елдермен қарым-қатынасты жақсартуға, соның ішінде Қазақстанмен арадағы ынтымақтастықты тереңдетуге деген ізгі ниетіңізге ризашылық білдіремін» деді Бас мүфти. Екіжақты кездесуден соң Наурызбай қажы Тағанұлы Ахмад ат-Тауфиктың иығына шапан жауып, құрмет көрсетті. Сондай-ақ министрлік пен ҚМДБ арасында Ислам ынтымақтастығы жөнінде меморандум жасалды. Меморандум аясында екі ел мемлекетаралық рухани қарым-қатынасын нығайтып, Ислам дінінің моральдық құндылықтарын сақтауға мақсатында бірнеше бап бойынша келісімге келді.

ҚМДБ Төрағасы Мароккодағы жұмыс сапары барысында осы елдегі Жоғары ғылым кеңесінің бас хатшысы Мұхаммед Ясифпен кездесіп, орталықтың жұмысымен танысты. Доктор Мұхаммед Ясиф қазақстандық делегацияны қабылдап, ізгі ниетін жеткізді.



«Біздің орталық Мароккодағы пәтуа мәселелерімен айналысады. Жоғары ғылыми кеңес құрамында 50-ге жуық адам бар. Кеңес II Хассан патшаның кезінде құрылды, қазір король басқарады» деп ғылыми кеңестің мақсатын айқындап берді. Толық құрамда өткен кездесуде Бас мүфти елдегі діни ахуалға тоқталып, ҚМДБ-ның қазіргі атқарып жатқан жұмыстарын тілге тиек етті.

Наурызбай қажы Тағанұлы ИСЕСКО ұйымында арнайы қонақ болды. Бас мүфтиді Исламдық білім,

ғылым және мәдениет ұйымы (ИСЕСКО) бас директорының орынбасары Абделилах Бенарафа қарсы алды. Ол ұйымның атқарып жатқан негізгі жұмыстарын атап өтті. Сонымен қатар Қазақстанмен байланысты артып келе жатқанын, қазақ топырағынан шыққан дін ғұламалары туралы конференция өткізу жоспарда бар екенін жеткізді.

Бас мүфти ИСЕСКО ұйымы мұсылман әлемінің білім, ғылым және тарихи мәселелерде алға жылжуына көп көмегін тигізіп жатқанын баса айтты. Сондай-ақ Астанада Ислам академиясын салу жоспарда екенін және ұйым тарапынан қолдау күтетінін жеткізді. Кездесуден соң Бас мүфти ИСЕСКО штаб пәтерін аралап, Пайғамбарымыздың (оған Алланың сәлауаты мен сәлемі болсын) өмірінен толық хабарлар ететін 3D форматта жасалған ерекше музейдің жұмысымен танысты. Кездесу соңында тараптар ортақ мақсатқа ұйысып, жобаларды бірге жүзеге асыруға уағдаласты.

Бас мүфти сондай-ақ Марокконың Сыртқы істер министрі Насыр Буританмен жүздесті. Министр ҚМДБ делегациясын жылы қабылдап, екі ел арасындағы қарым-қаты-

настардың жоғары деңгейге жеткенін атап өтті. ҚМДБ Төрағасы министрге ыстық ықыласы үшін алғыс білдіріп, ынтымақтастық жолындағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Одан ары ҚМДБ делегациясы Марокко астанасы Рабат қаласындағы имамдардың біліктілігін арттыруға арналған институт жұмысымен танысып, кешенді аралады. Делегацияны институт директоры Абду Салам әл-Азғар күтіп алды. Қазіргі таңда мұнда Африканың Мали, Гвинея, Кот-д'Ивуар, Нигерия және Чад елдерінен келген студенттер оқып жатыр.

Марокко сапары барысында Бас мүфти бастаған делегация Касабланқа қаласында орналасқан осы елдегі ең ірі мешіттің бірі II Хассан мешітін зиярат етті. Мешіт Атлант мұхиты жағалауында орналасқан, 25 мың адамға арналған. Құлшылық үйінің ішіндегі алпыншы залдан мұхит көрінеді. Мешітке іргелес алаңда тағы 80 мың адам құлшылық ете алады. Осылайша жалпы сыйымдылығы 105 мың адамды құрайды. Жалғыз мұнарасының биіктігі – 210 метр. Дизайнын француз сәулетшісі Мишель Пинсо жасаған. Мешіттің құрылысы 1986 жылы басталып, 1993 жылы ашылған.

Бұдан бөлек Наурызбай қажы Тағанұлы 1957-1961 жылдары осы елдің королі болған V Мұхаммед пен оның ұлы II Хассанның қабірін зиярат етіп, Құран аяттарын бағыштады. Сондай-ақ ҚМДБ делегациясы зиярат барысында V Мұхаммедтің өмірбаянымен танысып, тарихи кешенді толық аралап көрді.

Наурызбай қажы Тағанұлы Марокко Корольдігіне жұмыс сапары барысында Қазақстанның осы елдегі Төтенше және өкілетті елшісі Сәулекул Сайлауқызымен кездесті. Кездесуде негізінен екі ел арасындағы рухани, діни бағытты дамыту мәселелері сөз болды. Екіжақты кездесуде Марокко сапарында кол жеткізген нәтижелер айтылып, әрі қарай осы жұмысты жетілдіру жағы талқыланды. Кездесу соңында Бас мүфти Елшіге осы сапардағы қолдау үшін ризашылығын білдіріп, құрмет көрсетті.

# ҚМДБ Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы Марокко Корольдігіне жұмыс сапарымен барды. Бас мүфти алғашқы кездесуін Фес қаласынан бастап, әлемдегі ең көне университеттің ректоры, доктор Амад Жәлөлмен кездесті. Оқу ордасының басшысы ҚМДБ делегациясын жылы қабылдап, ілтипат көрсетті.

«Бұл университет 859 жылдан бері үздіксіз білім беріп келеді. Біздің оқу орны дәстүрге сай ашықтық саясатын ұстанады. Әлем елдерінен көлем деушілер үшін есігіміз ашық. Болашақта Нұр-Мұбарак университетімен бірлесе жұмыс істеуге дайынбыз» деді ректор. Өз кезегінде Бас мүфти оқу ордасының басшысына алғысын білдіріп, болашақта екіжақты шәкірт тәрбиелеу, тәжірибе алмасуға дайын екенін атап өтті. «Марокко еліне зияратымыздың негізгі бағыты да сол – екі ел арасындағы рухани байланыстарды арттыру. Әл-Қарауин әлемдегі ең алғашқы университет болғандықтан, мұсылман елдері арасында да қызығушылық тудырады. Мыңжылдық тарихы бар оқу ордасында еліміздің шәкірттері келіп оқыса дейміз. Алла Тағала білім ордасына береке беріп, шәкірттердің зейіні ашылсын!» деді Бас мүфти.

Екіжақты кездесуден соң ҚМДБ Төрағасы ілтипат кітабына ізгі тілегін қалдырды. Кейін ректор университеттің көне қолжазбалар бөлімін көрсетіп, түпнұсқада сақталған мыңжылдық тарихы бар кітаптармен таныстырды. Сондай-ақ Бас мүфти бастаған делегация университеттің

ескі кешенін аралап, бүгінгі тынысынан хабарлар болды. Айта кетейік, әл-Қарауин оқу орны Гиннестің рекордтар кітабына әлемдегі ең алғашқы университет әрі үздіксіз жалғасып келе жатқан білім беруші кешен ретінде кірген.

Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Марокко Корольдігіне сапары барысында осы елдің Уакиптар және Ислам Істері жөніндегі министрі Ахмад ат-Тауфикпен кездесті. Министр жылы қабылдап, атқарылып жатқан жұмыстарды таныстырып өтті. Сондай-ақ жақында ғана Қазақстанға барған сапары жөнінде әңгімеледі. «Өзіңізді Марокко жерінде көргеніме қуаныштымын. Қазақстанмен рухани, діни бағытта терең байланыс орнатып, ортақ бағытта бірігіп жұмыс істеуіміз керек. Келер жылы қазақ топырағынан шыққан ұстаз әл-Фараби мұрасын насихаттау мақсатында Марокко жерінде ғалымдардың қатысуымен симпозиум өткізу жоспарда бар. Қазақстаннан келіп білім алам деген студенттер үшін есігіміз ашық» деді министр.

Мәртбелі министрге қонақжайлылығы мен жылы қабылдауы үшін алғыс білдірген Бас мүфти екіжақты







# 2022 ЖЫЛЫ

## АТҚАРЫЛҒАН АУҚЫМДЫ ІС-ШАРАЛАР

**Ж**уырда Астанада қазақстан мұсылмандары діни басқармасында 2022 жылдың қорытынды төралқа мәжілісі өтті. Діни басқарманың бір жылда атқарған жұмысына шолу жасаған едік. Ықшамдалған нұсқасын назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Агабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ

Діни саладағы жұмысты жаңғырту, заман сұранысына сәйкес шешім қабылдау — қазіргі уақыт талабы. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы заман талабын ескере отырып, 2022 жылы жеті бағыт бойынша жұмыстарға басымдық берді. Бірінші — діни білім және ғылым, екінші — уағыз-насихат және ихан, үшінші — дін мен дәстүр, төртінші — ақпарат және ағарту, бесінші — қоғаммен байланыс, алтыншы — уақып және қайырымдылық, жетінші — діни оналту. Осы бағыттар аясында биыл 404 ауқымды іс-шара атқарылды.

«Берін кадр шешеді» деген ұғым бар. Бұл — тәжірибеде анықталған әрі дәлелденген қағида. Имам — қоғамды тәрбиелеуші, ағартушы тұлға. Отаншыл, еңбексүйгіш, аманатқа адал, ата-анасын қадірлейтін иманды ұрпақ тәрбиелеуде имамның атқаратын рөлі ерекше. Халқымыздың рухани дамуына, қоғамда отбасы құндылығының артуына ағартушы ұстаздар мен дін қызметкерлері үлкен үлес қосып келеді. Имамдардың жан-жақты, білімді болуы — заман талабы.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы сапалы діни кадр дайындауға көңіл бөліп, осы бағытта бірқатар игі жобаларды жүзеге асырып келеді. Бүгінгі таңда еліміз бойынша 7 258 дін қызметкері жұмыс істейді. Оның 5 228-і — кәсіби діни

ретте мешіт жұмысының сапасын арттыру кезек күттірмейтін мәселенің бірі екені анық. Елімізде қазір 2752 мешіт болса, оның 150-і күрделі жөндеуден өтті. 2022 жылы 77 жаңа мешіт бой көтерді.

Биыл Астанада ғажайып сәулет үлгісімен салынған Республикалық бас мешіт ашылды. Ол көлемі жағынан әлемдегі ең үлкен он мешіттің қатарына кіреді. Онда бір мезгілде 30 мың адам құлшылық жасай алады. Алып кешен еліміздегі Исламның мәдени-ғылыми орталығына айналуда.

Мешіттерде халқымыздың тұсау-кесер, неке кию, бата беру, сә-

әлеуметтік желі, мессенджерлер, кітаптар және т.б. құралдарды пайдалана отырып, Діни басқарманың ағарту жұмысының сапасын жаһандық трендтерге сәйкес жаңа деңгейге көтеруге назар аударылды.

Иә, ақпараттың дамыған заманында бұл үрдістен әсте қалыс қалуға болмайды. Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы муфтияттың медиа саласын дамытуға күш салып келеді. Биыл Діни басқарма ақпарат таратудың барлық арналары бойынша нәтижелі жұмыс істеді. «Munara FM» интернет радиосы ашылып, «Munara TV» телеарнасының орталық студиясы іске қосылды. Діни басқарманың әлеуметтік желіде 832 парақшасы бар. Оның оқырмандары жылдан-жылға көбейіп келеді. Бұқаралық ақпарат құралдары жетекшілерімен тығыз әріптестік байланыс орнату мақсатында ҚМДБ жанынан Бас редакторлар алқасы құрылды. «Munara» газетінің — 24, «Иман» журналының 12 саны оқырманға жол тартты.

Аллаға шүкір, қазір жастардың кітап оқуға деген ықыласы жылдан жылға артып келеді. Жақсы кітаптарға сұраныс көп. Бұл ретте діни бағытта шығып жат-

Халыққа айтылар насихат сапалы болу үшін Республикалық ақпараттық-насихат топ (РАНТ) мүшелерінің арнайы тұғырнамасы қабылданды. Халықтың сұранысы бойынша орыстілді уағызшылар тобы құрылды. Уағыз-насихат жұмыстарында мұсылмандар арасында рухани бірлікті нығайтуға аса мән берілді.

Мемлекет басшысы 2022 жылды Балаалар жылы деп жариялағаны белгілі. Бас мүфти отбасындағы бала тәрбиесі өте өзекті мәселе екенін ескеріп, мешіттер жанынан ашылған отбасылық кеңес беру орталықтарының жұмысына серпін берді. Осы бағытта жыл бойы ұлттық құндылықтарымыз, дін мен дәстүр сабақтастығы дөріптелді. Мешіт имамдары мен ұстаздары бала тәрбиесі бойынша ата-аналарға рухани тұрғыдан көмектесуде. Ұрпағымызды отансүйгіштікке, ата-ананы қадірлеуге, имандылық пен адамгершілікке баулу басты назарда бола бермек.

Муфтият қоғам үшін маңызды болған діни оналту бағыты бойынша кешенді жұмыстарды жүзеге асырып келеді. Тіпті

лігі үшін дұға жасады. Діни басқарма киелі орындарды зиярат ету дәстүрін жаңғырту мақсатында «Дархан дала» жобасын қолға алған болатын. Осы жоба аясында биыл 832 адам тарихи орындарды зиярат етті.

Қазақ — астың адалдығына аса мән беретін халық. Аллаға шүкір, бүгінде халық арасында адал асқа деген сұраныс күннен-күнге артып келеді. Діни басқарма имандылыққа ұйған жұрттымыздың адал асты тұтынуына барынша көмектесіп келеді. Осы бағытта 2022 жылы 478 кәсіпорын «QMDB HALAL» сертификатын алды.

Биыл Діни басқарманың жыл сайын ұйымдастырып келе жатқан дәстүрлі Құран жарысы Сыр елінде өтті. XI республикалық байқау жеңімпазы автокөлік жеңіп алды. Айтулы іс-шара Құран жаттаған жас қарилардың жігерін оятып, жүрегіне қуаныш сыйлады. Ең бастысы жаттаған сурелерін пысықтап, бірнеше рет қайталап, жалдына сақтап алды. Осы шара аясында Сыр өңірінен шыққан ахуандар мен ишандар, сонымен қатар еліміздің ертені үшін шейіт болған бабалар рухына 100 Құран хатым дұғасы жасалды. Алматыда республикалық V



қан кітаптарға сараптама жасау ісі өзінің өзектілігін жойған емес. Осы бағытта 2022 жылы 93 кітап Діни басқарманың діни сараптамасынан өтіп, оның 88-іне оң қорытынды берілді. «MUFTIYAT» баспасынан тарихымызға, шарифағатымызға, отбасы құндылығына қатысты 23 кітап жарық көрді. Мүфтият жанындағы

түзеу мекемелеріндегі экстремизм және терроризм бабы бойынша бас бостандығынан айырылған азаматтармен жеке ықпал ету шаралары жүргізілуде.

Биыл бұл бағыт бойынша 9928 кездесу өткізілді. Жалпы діни оналту жұмысы аясында 1477 адамға оң ықпал жасалды. Солардың қатарында 773 адам дәстүрлі Ханафи мәзһабына бейімделді, 704 адам оңалып, райынан қайтты.

Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы бірнеше облыстарға барған сапарында түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан азаматтармен кездесіп, олармен сұхбаттасып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Деструктивті және радикалды

«Әдемі әуезді азаншы» байқауы ұйымдастырылып, жарыс жеңімпаздары арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Рылықты жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыюға тырысып жүрген жандар. Бұл міндетті шынайы ықыласпен орындаған адам әрқашан абыройға кенеледі. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде: «Кімде-кім жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыйса, сол адам — жер бетіндегі Алланың, Кітабының және Расулының халифасы» деген.

Әзіреті Әли (оған Алла разы болсын) бір сөзінде: «Мен әрбір жа-



«Зейін» оқырмандар клубы бір жылда 60 кездесу өткізді. Кездесуде 51 кітап мазмұны талқыланып, оған 2800 адам қатысты. Қазіргі заман талабын ескеріп, «Муфтияттың электронды кітапханасы» іске қосылды.

Дін — насихат. Халықтың сенімін Діни басқарма арнаға бұру — дініміздің даналыққа негізделген ұлы істерінің бірі. Дін қызметкерлері осы қағиданы берік ұстанып келеді. Осы жылы еліміз бойынша халыққа 274 872 уағыз-насихат айтылды. Оның ішінде 10 548 насихат онлайн форматта айтылды. Ал түрлі өзекті тақырыптарды қамтыған 50 рет жұма уағызы айтылды.

діни ағымдардың таралуына идеологиялық тұрғыдан қарсы тұру жұмысын жүйелі түрде атқару Діни басқарманың басты назарында бола бермек.

Биыл ҚМДБ жанынан құрылған Қажылық миссиясы 4000 отандастымыздың қажылық парызын дұрыс өтеп қайтуына үлес қосты. Қасиетті сапар аясында Арафат жазығында қазақстандық қажылар «Бір мезетте — бір дұға» шарасын ұйымдастырып, елдің амандығы мен бір-

саған жақсылығымды өзіме жасадым» дей келе, мына айтты оқиды: «Әлдекім ізгі іс істесе, өзі үшін. Ал кім жамандық істесе, ол да өзі үшін. Сосын Раббыларына қайтарыласындар» («Жәсия» сүресі, 15-аят).

Шмандар арасындағы берік бауырмалдықтың, бірлік пен шынайы тілеуестік ниеттің арқасында нәтижелі түрде жүзеге асады. Әйгілі ғалым Мұхаммед ибн Уасиф былай деген екен: «Дүниеде үш нәрседен артық ләззат жоқ. Ол — жамағат намазы, түнде тұнажуд намазын оқу және бауырлардың кездесуі».

Иә, бауырлар бірлік мәселесінде ағаштың бұтақтары іспеттес мығым болуы тиіс. Бұтағы көбейген сайын ағаш қуаттала түседі. Оған ешқандай жел әсер ете алмайды. Сол секілді бауырмалдығы мықты мұсылмандарға да жамандық жұыммайды. Мұндай бекем бауырмалдықтың негізгі нәрі — имандылықта.

Аллаға шүкір, жыл басында жоспарланған жұмыстар әуелі Алланың қалауымен, одан кейін дін қызметкерлері мен мешіт жамағатының бірлігінің, бауырмалдығының арқасында ойдағыдай орындалды. Игі іске үлес қосқан барша жанға Алла разы болсын дейміз. Муфтият ел мұсылмандарының игілігі үшін алдағы уақытта да мұндай маңызды жұмыстарды жалғастыра береді.



мамандар. Діни салада 206 (39%) магистр, 10 (2%) ғылым докторы қызмет етуде. Қарилар саны — 132 (25%). 2022 жылы жоғары және арнайы орта діни білімі бар дін қызметкерлерінің үлесі 70 пайызға жетті. 2023 жылы бұл көрсеткішті 5 пайызға (75%) көтеру жоспарланды.

Осы жылы 603 студент Нұр-Мұбарак университетін, 9 медресе-колледжді және Хасеки академиясын бітірді. 158 имам Республикалық имамдардың білім жетілдіру ислам институтында білімін шыңдады. 1248 имам арнайы аттестаттаудан өтті.

Мешіт — Алланың жердегі үйі. Мешіт — құллі жақсылықтың тоғысқан құтты мекені. Мешітке келген адамның жүрегі тыныштық табады. Бұл

лем салу, жылу жинау т.б салт-дәстүрі жаңғырды. Мұсылман қауымының ұлық мейрамдарын ұлттық нақышта атап өтуі кенінен насихатталып, қоғамдық орындарда көкпар, бәйге, садақ ату, күрес т.б ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өтуде.

Әйел-қыздар секторының ұйымдастыруымен II республикалық мұсылман әйелдерінің «Әсем киім — әйел ажары» сән киім байқауы өтті. Іс-шараның мақсаты — әйел-қыздарға шарифат пен дәстүрімізге сай, қазіргі заман талабына орай орамал мен мұсылманша киім үлгілерін ұсыну.

Ақпараттың ағынды сәт сайын күшейген заманда бұл саладағы жұмыстарымызға аса маңыз беріліп келеді. Ақпарат таратудың түрлі арналарын, атап айтқанда БАҚ,





# Лудоманияның ДАУАСЫ БАР МА?

Лудомания, яғни ойынқұмарлық – қоғамды құлдыратып, айрандай ұйып отырған отбасылардың шырқын бұзып, елдің берекетін кетіретін зиянды әдет. Егер адам нәпсісіне ие бола алмаса, оның түрлі күнәлі істерге бейім келетіні сөзсіз. Солардың ішінде осы ойынқұмарлық та оңайлықпен емделмейтін рухани дертке баланып отыр.



Құмар ойынға әуес болу қасиетті Құран Кәрімде де, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінде де тыйым салынғанын, тіпті үлкен күнәлардың қатарына жататынын жақсы білеміз. Дін ғалымдары құмар ойындарды «кездейсоқ сәттілікке үміттеніп, ұтыс мақсатымен ақша, құнды зат тіге отырып ұту немесе ұтылу» деп сипаттайды. Үлкен күнә саналуының басты себебі – оның бұқаралық, яғни қоғамдық сипат алуында. Осы ойынқұмарлықтың кесірінен бір емес, бірнеше адамның тағдыры талқан болып жатқанын ескерсек, лудоманияның алдын алу – бізге міндет.

Адам баласының құмар ойынға кіріп кетуі қас-қағым сәтте бола қоятын нәрсе емес. Ешкім де анасынан ойынқұмар болып тумайды. Алайда «құмар ойыннан Құдай сақтасын» деп жүрген адамның өзі жеңіл ақшаға әуес екенін байқамауы мүмкін. Жеңіл жолмен ақша табу – құмар ойынның

анықталса, онда оған беріліп кетудің жауабы табылатын еді. Қарапайым адамға ойын ұтуға көңіл көтеру итермелейді. Ол ойынға жұмсайтын қаржысының шекті көлемін немесе уақыт шегін белгілейді, бұдан кейін ұтса да, ұтпаса да ойынды тоқтатады. Ал құмар ойыншы қаржының ұтылатын шегін болжайды және оған көңіл көтеру құнын да қосады. Бұл бірте-бірте адамды патологиялық ауытқушылыққа әкеледі» дейді Балабек Кеніштайұлы.

Психолог-маман адамдардың құмар ойындарға патологиялық ұмтылысы айналадағы болып жатқан құбылыстардың қызық болмауы, көңіл көтеруді іштей қалау және ол әрекетін ойын құмар ойын арқылы ғана жүзеге асыру, ойын барысындағы тәуекел, яғни ұтудан және ұтылудан ләззат алуынан және басқа да себептерден байқалады. «Бұл мәселемен күресу үшін айналасындағы адамдардың айтқан ақыл-кеңесі жеткіліксіз.

керек. Өзінің әрекетінің дұрыс емес екенін түсініп, ауыр күнә арқалайтынна көз жеткізсе, бұл істі біржола тастайды. Пендені түрлі жамандықтан алдымен өзі ғана құтқара алады. Бұған шамасы келмегендерге елімізде қайырымдылық мекемелері, қарилар дайындайтын орталықтар бар, соларға баруға кеңес берер едім. Өйткені ол жерде бір-екі ай емес, бірнеше жыл жатып оқыса, сондай-ақ құмар ойынды есіне салатын түрлі нәрседен тыйып, телефонға жолатпай, бақылауда ұстаса, бірте-бірте бойы үйреніп, кейін өз-өзін басқаруға шамасы келе бастайды. Бірақ мұны қысқа мерзімде шектеп тастамай, қажет болса, бірнеше жыл жалғастыра беру керек.

Үшіншіден, туыстары, достарының қолдауы, көмегі қажет. Төртіншіден, мемлекет, қоғам болып бұл зиянды әрекетке қарсы тұра алуымыз қажет. Мәселен құмар ойынға қызығатындардың көбейгені себепті несие беру жолдары жеңілдетіліп, талай адам банкке, басқаға қарыз болып, ата-анасын зар қақсатып отырғаны жасырын емес. Манайында қарызға ақша беретін адам қалмаған сон банкке жүгінетіні белгілі. Сондықтан несие беру жолдарын қиындату керек. Бұл да болса құмар ойыншылардың көбейіп кетпей, керісінше азаяуына себеп болар еді» дейді Хасан Аманқұл.

Құмар ойын – қоғам қасіреті, Ислам дінінде харам істерге жататын әрекет. Ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кім өз досына: «Жүр, құмар ойын ойнайық» десе, садақа беріңіз», – деуі оны ойнамақ түгелі, оған үгіттудің өзі күнә екенін, соның өзін жуып-шау үшін садақа беру, жақсылық істеу міндетті екенін ескерткен. Тәубе есіктері адамның кеудесінде жаны барда қияметке шейін ашық тұратыны белгілі. Сондықтан құмар ойынның құрсауында кеткен бауырларымызды ертерек ес жиып, Алла Тағаланың шексіз мейірімінен үміт ете отыра, тәубеге келуге шақыруымыз керек. Жаратушы Иеміз Құран Кәрімнің «Хижр» сүресінде: «**Уа, Мұхаммед! Құлдарыма хабар бер. Күдіксіз Мен аса жарылқаушы, ерекше мейірімдімін. Және шын мәнінде азабым да өте күйзелтуші**», – дейді.

**Жүрегіңнің соғып тұрғаны рас болса, ешқашан үміт үзбе! Өйткені Хақ Тағаланың мейірімін есіңің қағуға кешіккен жоқсың. Адамдар жек көріп, қарызын кешірмесе де, Алла Тағала шын өкініп, тәубе етсең, күнәңді кешіреді және тығырықтан шығар жолды көрсетеді.**

Ермұрат ШОПАН

## ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СУСЫННАН ТӨНГЕН ҚАТЕР

денсаулық та Алланың аманаты болғаннан кейін, оған үлкен жауапкершілікпен қараған абзал. Әрине, әркім «Не істесем де өз билігім өзімде» деп ойлайды, сол себепті өзінің зиянды әдеттерін де тез қорғап ала қояды. Бірақ, ұлт денсаулығы жекелеген адамдардың денсаулығынан құралады, сондықтан бұл мәселе асте бей-жай қарайтын жағдай емес.

Бұл ретте екі мәселе қатар қозғалады, бірі – денсаулық, екіншісі – жастардың өзінбілем көрсекызарлығы. Жақын-жуықтан да, дос-жараннан да жиі естіп жатқан қиын бір ахуал бар, ол – дүкен сөрелерінде самсап тұрған энергетикалық сусындар. Соның ішінде Gorilla энергетикалық сусынының жастарға тажал боп жабысып жатқаны. Бір танысым айтады: «30-ға енді толған сыныптасымыз көз жұмды. Gorilla-ның күніне 5-6 құтысын ішеді екен. Соған ұйқы безі шыдап бере алмай, жарылып кетіпті», – деп. Расын айттайық, тап осы сарында әнгімені соңғы бірер жыл көлемінде бірнеше адамдан естідім. Сол ақ екен, әлгі энергетикалық сусынды дүкеннен сатып алып тұрған, жұмыс кезінде ішіп отырған, көлік тізігінінде сыздықтатып отырған көріністер зыр етіп көз алдымызға келе қойды. Рас, дәл осы сусынды қазір жастар өте көп тұтынатын болған. Ұйқыны қашырады, денедегі қуатты оятады деп ақталады. Сірә, әуелі тұшқыраңдыратын тәтті дәмнен елітсе керек. Сөйтіп жүріп қалай бауыр басқанын өздері де байқамай қалып жатады.

Мамандардың айтуынша, энергетикалық сусын құрамында өте көп көлемде кофеин мен кант болады. Тіпті сондай сусындардың кейбірінде 100 мг кофеин болады, бұл дегеніңіз бір стакан кофеде (12 мг) болатын кофеин көлемінен 8 есе көп. Бір бөтелке сусынға 27 қасым шамасында кант қосылады. Құрамы осындай сусынды күнде ішу (күнара ішілді дегеннің өзінде) жүрек қызметін бұзып, қан қысымын көтеріп, аса қауіпті ауруларды оятады екен. Ма-

дырып еді, бастық бала оған селт еткен де жоқ. Соған қарағанда ішіне төрт Gorilla еркін сыятын секілді. Сөз басында айтқан өзінбілемдік, көрсекызарлықты осындай өнімдер оятып, өрістетіп жібермей ме деген ой еріксіз келеді санаға. Өзіңкің ғана дұрыс, сарабал санап, өзгенің кеңесіне құлақ түрмеудің соңы қасіретке әкеліп соқпас па екен деп алаңдайсың. Әрине, жастар денсаулығы энергетикалық сусынға ғана байланып тұрған жоқ, темекі, вейпке әуестенген жастар қарасы әлі де қалып. Олар өз алдына бөлек тақырып. Осы орайда дұрыс тамақтану, тәрбие беру, салауатты тұлға қалыптастыру – осы үш тағанды тірек еткен, осы үш бағдардың элементі тоғысқан орталықтар құрылуы керек пе деген ой келеді. Олардың жұмыс істеу, әсер ету механизмі қасаң, жалпылама механизмдерден ала, мейлінше креатив жұмыс бағытына лайықталған болса.

Құрамы сан түрлі сала мамандарымен толығып, олар дұрыс тамақтанудың, елге қызмет етудің, зиянды әдеттерден аулақ болудың дербес бағдарламасын жасап шықса, қандай жарасымды хәм пайдалы. Қарап тұрсаң, жолы көп – түрлі мобилді қосымшалар шығарсын (оны жүктеу, пайдалану технологияларды тез игеретін жастар үшін өте ыңғайлы), оларды кеңес беру, интеллектуалдық ойын, талқылау форматында жасасын. Бұл жастар үшін сөзсіз өтімді болар еді.

Ал мемлекет тарапынан энергетикалық сусындардың сатылу жолына сараптама жасау, бірқатар шектеулер енгізу, тіпті заң асында реттеу қажет сияқты. Мәселен, аталған сусындардың жарнамасына



мандар күніне энергетикалық сусынның бір құтысын ғана ішу керек дейді. Бірақ бұл тұрақты түрде тұтынуға болады дегенді білдірмейді.

Энергетикалық сусынның артықшылығы неде дегенде жастар, олардың күш-қуат беріп, ширектыратын пайдасын, ұйқыны шайдай ашып, жұмыс өнімділігін арттыра түсер қасиетін айта жөнелді. Бірақ зияны шаш етектен екенін әлі ұғына қоймаған сияқты. Түнеу күні көлік жуу орталығының менгерушісі, жас жігіт бір қалбырды коқысқа шертіп лақтырып тастап, екіншісін ашып жатты. Қасындағы серігі «қойсаншы, мынауың бүгіндікке төртіншісі ғой» деп тартын-

шектеу қойып, өндірушілерге сылықты арттыру. Сондай-ақ оны 21 қасқа толмағандарға сатпау керек деген талап та аса қажет. Қазір Dizzy, Gorilla секілді сусындарды мектеп жасындағы балалар да емінеркін сатып алып, ішіп жүре берді. Кешенді шаралар ғана қоғамды дерттен сақтайды. Мемлекеттің келешегі салауатты жастардың қолында деп жиі айтамыз, бірақ олардың денсаулығы мен өмір салтына көп жағдайда көз жұма қараймыз. Ендеше, мемлекет мұндай абсурдтан арғылы, жедел түрде әрекет ете бастағаны абзал болмақ.

Абай ҚАЗБЕКҰЛЫ

**Букмекерлік кеңселерде және спорттық ойындарға онлайн бәс тігу – бүгінгі күні кең етек жайған құмар ойын түрі. Оған басыңды алып қаша алмайтын маңайымыздағы қызылды-жасылды жарнаманың әсері мол.**

алғашқы сатысы іспетті. Бұрын құмар ойын десе, карта, казино немесе ойын автоматтары ойға келсе, қазір үйден шығудың да қажеті болмай қалды. Интернетке қосылып тұрған компьютер немесе қолда смартфон болса, бұрынғыдай көше кезіп, тоңып-шашырап ойын автоматын, казино іздеудің қажеті жоқ, бәрі көз алдыныздағы көк экранда қолжетімді. Әлеуметтік желілердегі, сауда орындарындағы ұтыс ойындары да шарттарына үніліп қарамастан, лотереяның бір түрі болуы ықтимал.

Букмекерлік кеңселерде және спорттық ойындарға онлайн бәс тігу – бүгінгі күні кең етек жайған құмар ойын түрі. Оған басыңды алып қаша алмайтын маңайымыздағы қызылды-жасылды жарнаманың әсері мол. Еліміздегі «Жарнама туралы» заңға сәйкес казино мен интернет-казино қызметтерін жарнамаға тыйым салынады. Әйтсе де букмекерлік кеңселердің қызметтерін жарнамаға тікелей тыйым жоқ екен. Сол себепті аты да, заты да ұқсас букмекерлік кеңселер көбейіп кетті. Танымал психолог Балабек Кеніштайұлы мамандардың құмар ойынға біреулер жан-тәнімен берілсе, басқаларды бұл нәрсе нәліктен қызықтырмайды деген мәселенің шешімін табуға тырысып жүргенін айтады.

«Егер адамның құмар ойынға қызығушылығының бастапқы себебі

Мұнымен психолог маманмен бірге отырып кешенді психотехнологиялық жаттығулар қолдана отырып күрескен дұрыс. Неғұрлым ертерек күрескен, соғұрлым нәтижесі де жылдам көріне бастайды» дейді психолог.

Құмар ойынның құрсауынан құтылып, қоныр тіршілік кешіп жатқандар да жоқ емес. Алайда тігерге ештеңесі қалмағандардың көбі тіленші болып көше кезіп, бір күнәнің соңынан екінші күнә жамап, араққа салынып кеткендері де баршылық. Кезінде жақсы қызметте болып, абыройы артып, ел сүйсінетін отбасын асырап отырса да құмар ойынның кесірінен бала-шағасы, ата-анасы, ағайын-туысы, достарынан тірідей айырылып, үйсіз-күйсіз қалғаны қаншама?! Ел-жұртқа, несие беретін түрлі орындарға, банктерге қарыз болып, маңайына мысқалдай да қадірі қалмай, жексұрын болып жүргендерді ойласан, денен түршігеді. Қазір ұтыстан ләззат алып, лудоманияның «төменгі денгейінде» жүргендер түбі солардың көбін кетіріні белгілі.

ҚМДБ Діни оналту бөлімінің менгерушісі, исламтанушы Хасан Аманқұлдың айтуынша, ойынқұмар адамды жөнге салудың шарихи жолы бар екен. «Адам баласы құмар ойынға беріліп кетпеуі үшін және соның орны толмас қасіретіне ұшырап қалмас үшін өзінің ерік-жігері мықты болуы



(Басы 1-бетте)

# АҚЖҮРЕКТІҢ БЕЛГІСІ –



## АЛЛАҒА ДЕГЕН МАХАББАТ

геніне разы болмау; өлгендерін көміп, одан еш ғибрат алмау». Ал Лұқман Хакім: «Жүрек төрт нәрседен өледі: бос сөзден, надандармен жүріп-тұрудан, көп күлкілен, күмәнді нәрселерді жеуден», – дейді.

Күнәнің жүрекке әсері туралы Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде

былай айтылады: **«Шындығында, пенде күнә жасағанда, оның жүрегіне бір қара дақ түседі. Егер ол тәубе қылса, күнәні тастаса және өзін сөксе, онда оның жүрегі тазарады. Егер ол тәубеге келместен тағы күнә жасаса, жүрегі тұтасымен қарайып кеткенше дақ үлкейе береді. Жоқ! Керісінше, олардың жүрегін істеген қылықтарының тағы басты» деген аяттағы айтылған «тағ» – дәл осы дақ»** (Термизи, Насаи).

Ислам ғұламалары науқас жүрек емделмесе, соқыр жүрекке, одан ары өлі жүрекке айналатынын дәйектейді. Хақ діннің бір насихатшысы Хаким Асан деген кісі: «Өлі жүректің үш белгісі бар. Біріншісі – қандай да бір игі іс істесе одан ләззат алмайды. Екіншісі – қандай да бір күн жасаса, қорқыныш сезінбейді. Үшіншісі – қандай да бір оқиға көре қалса, одан сабақ алмайды», – депті. Расында күнә үстіне күнә жамап, ақыры қарайып кеткен, қатайған жүректің иесі ар-ұяттан ажырап, ақылдан алыстап, айуани кейіпке түседі. Ондай бейбақ, тіпті Құран аятында айтылғандай, одан да төмен дәрежеге құлдырап, айуан істемейтін істерді қиналмастан істейді.

Ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Алла Тағала сендердің сыртқы бейнелеріңе және дүние-мүліктеріңе қармайды. Алайда жүректеріңе және амалдарыңа қарайды»** деген хадисін сәл үстірт түсінген кейбір бауырларымыз: «Ең басты мәселе – жүрек пен ниетте. Құлшылық жасамасам да, ешкімге қиянатым жоқ, жүрегім – таза» деген уәж айтады. Ол кісілерге «жүректерің таза болсын» дей отырып, хадисте **«жүректерің және амалдарыңа қарайды»** деп айтылғанын ескерткіміз келеді. Және ең әуелі «Таза жүрек» дегеніміз қандай жүрек?» деген сауалға нақты жауап алған дұрыс болады деген ойдамыз.

Айтқаны тек ақиқат болған ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: **«Адамдардың ең абзалы – жүрегі таза, тілі шынышыл адам. Ол – тақуа, күпірлікпен таза, күнә істеу ниеті мен әділетсіздіктен аулақ, кек сақтамаған және күшіл болмаған жүрек. Ондай жүректің иелері – дүниені ұмытып, ақыретті қалағандар. Одан кейін мінез-құлқы жақсы болған мүмкіндер»** (Хаким). Хадисте айтылғанындай, таза жүрек дегеніміз күпірлік пен ширктен, күмән мен күнәдан, қиянат пен әділетсіздіктен, кек пен күншілдіктен, екіжүзділік пен тәкаппарлықтан және мына дүниеге деген сүйіспеншіліктен арылған, тазарған жүрек екен. Жүрегінің төрін тек Алла Тағала ғана арнаған, Жаратушы разылығы мен ақырет қамын алға шығарған адам таза жүректің иесі бола алады. Сондай-ақ жоқтан бар қылған Мейірімді Егездіретті Иесін таныған, танығандықтан сүйе білген және өзі де Жаратушысының сүйіспеншілігіне лайық болу үшін құлшылық жасап, нәпсісін тәрбиелеп, мінез-құлқын жақсартқан құл – таза жүректің иесі. Ал мінез-құлқтың жақсаруы – жүрек орнығып, көңіл тыншығанда, яғни өмірінің мәні мен мағынасын түсінгенде болады. Басқаша айтсақ, иман келтіріп, Жаратушының танығанда ғана мүмкін болады екен. Бұл жөнінде Алла Тағала былай дейді: **«Олар иман келтіреді және көңілі Алланы еске алу арқылы жай табады. Естерінде болсын: Алланы еске алумен жүректер орнығалы!»** («Рағыд» сүресі, 28-аят).


Ақиқатында, адамды адам қылып тұрған – оның рухы немесе жан-дүниесі. Сол себепті жан-дүниенің баламасы ретінде айтылатын рухани жүректің жағдайы – сол адамның жағдайын айқындап беретін негіз. Осыны жақсы білген аталарымыз бір адамға баға бергенде, «ақ жүрек», «аузын ашса жүрегі көрінеді» деп мақтаса, жаман адамды «жүрегі мұз», «қара жүрек», «тасжүрек» деп атаған. «Ақжүректің белгісі – Аллаға деген махаббат» деп тұсынған. Қазақ дүниетанымының үш іспеттес Абай хакім де: **«Алла» деген сөз – жеңіл, Аллаға ауыз – жол емес. Ынталы жүрек, шын көңіл, Өзгесі Хаққа қол емес, – деп түйіндеген.**

Раббымыз бізді тура жолға салғаннан кейін, жүрегімізді ауытқыта көрмесін. Алла Тағала жүрегімізді күнәнің кірінен, надандықтың ластығынан тазартып, кеудемізді иман мен білімнің шуағымен нұрландырсын! Тіпті мал да, бала да пайда бермейтін Қиямет күні Жаратушымыздың алдында таза жүреппен тұруды баршамамызға нәсіп етсін!

Алғалдай ӘБІЛҒАЗЫҰЛЫ



*Жүрегіміз Құраннан хабарсыз болса – надандық дертіне, күмән мен күдік дертіне ұрынса, Алла Тағаланың жолдауын ести тұра мән бермеген пенде немқұрайлық пен тәкаппарлық дертіне ұшырайды.*



Құран аяттарында былай делінеді: **«Олардың жүректерінде дерті бар ма? Немесе күдіктенуде ме? Не өздеріне «Алла және Оның пайғамбары әділетсіздік істейді» деп қорқа ма? Олай емес! Олардың өздері – зальым!»** («Нұр» сүресі, 50-аят); **«...Негізінен көзі – соқыр емес, бірақ көкірегіңдегі жүрегі – соқыр»** («Хаж» сүресі, 46-аят).

Иә, адамшылықтың негізі болған жүрек күнәдан қарайып, тәубемен емделеді. Жүрек қарайса, иман қуа-

ты азаяды. Иман азайса, ар-ұят кеміп, ақыл тоқырайды. Ал ақыл бұзылғанда, жақсы нәрсе жаман болып, ал жаман нәрсе жақсы болып көрінеді. Бұл жайында атакты табиғин Хасан Басри (оған Алла разы болсын) былай депті: **«Жүректер алты нәрседен бұзылады: тәубені үміт етіп күнә жасау; білімді үйреніп, оған амал етпеу; амалдарын ықыласпен орындамау; Алла берген ризықты жеп, шүкірлігін жасамау; Алланың бер-**

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ЕЛІМІЗДЕГІ КЕЙБІР МҰСЫЛМАНДАРДЫҢ СЫРТҚЫ ФОРМАҒА ҒАНА МӘН БӨРЕТІНІ БАЙҚАЛАДЫ. ЯҒНИ ДІНГЕ БЕТ БҰРЫП, НАМАЗ БАСТАҒАН БОЙДА САҚАЛ ҚОЮДЫ СӘН КӨРЕТІН БОЛДЫ. АЛАЙДА САҚАЛДЫ РЕТСІЗ ЖІБЕРІП, ЖАЛБЫРАТЫП ҚОЮ ҰҚЫПТЫ МҰСЫЛМАҒА ТӨН ЕМЕС. ӘРИНЕ, САҚАЛ ҚОЮ – СҮННЕТ. АЛАЙДА СҮННЕТ ҰҒЫМЫНЫҢ АЯСЫ КӨЗ, СҮННЕТТІ ҰСТАНУ САҚАЛ ҚОЮДАН БАСТАЛМАЙДЫ...

## СӨЗІҢ мен ІСІҢ САЙ МА?



### ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІ САҚТАУ КЕРЕК

Дінімізде сүннетті ұстануда сыпайылық, биязылық, мәдениеттілік, кісілік, мәмілегерлік, көркем мінез қалыптастыру негізге алынады. Себебі ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Мен адамгершілік қасиеттерді кемеліне келтіру үшін жіберілдім»**, – деген. Демек сүннетті ұстанам деп жалбыратып сақал қойғандар әлі де сүннетті дұрыс түсінбей жатыр деген сөз. Сүннетті ұстану адамгершілік жағынан адамның өзін тәрбиелеуін, рухани кемелденуі қажеттігін білдіреді. Иегіне сақал жабыстырғанмен, адамгершілігі мен әдебіндегі кемшіліктері көзге ұрып тұрса, дәрекі, дойырлығымен елді шоштытса, бойынан ұстамдылық пен сабырлық байқалмаса, ол адам сол әрекеті арқылы Ислам дінін нашар етіп көрсетеді. Сондықтан сүннетте сыртқы қалыптан гөрі ішкі мәдениет пен өзі, иба көбірек алып шығады. Аузындағы екі сөзінің бірі арабшалау, дәстүр-салтына қырын қарау, бетін тұтас жауып ниқаб кию не Ауғанстан, Пәкістан се-

кіді елдердің киім үлгісі бойынша кию де – мұсылмандыққа өлшем емес. Алла әр ұлтты жарата отырып, олардан ұлттық ерекшеліктерді сақтауды талап еткен. Яғни ұлттық ерекшеліктерді сақтау да Жаратушының таңдауына мойынсұнуды білдіреді.

Жергілікті халық өзіне жат сыртқы көріністі қабылдамаса, оған жатырқай, шошына қарары белгілі. Ондай адамның діни үгіті де басқаларға жұғымды болмасы белгілі. Сондықтан тек сыртқы форманы шұғыл өзгерту – мұсылмандықтың алды емес. Кісінің шынайы мұсылмандығының адалдығы, тазалығы, кішіпейілдігі, қарапайымдығы, ілтипаты, ізеті, білімі, мейірімі, қайырымдылығы, жана-шынайы секілді адами қасиеттерінен көрініп тұруы тиіс. Себебі хадисте **«Алла сендердің сыртқы бейнелеріңе емес, жүректеріңе және амалдарыңа қарайды»** делінген.

### ӨЗГЕРІСТІ ӨЗІҢНЕН БАСТА

Қоғамға жақсы жағынан өзгеріс әкелген жан өзгерісті алдымен өзінен бастағаны жөн. Сөзін

мен ісін біріне-бірі сай ма? Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір кісімен кездесу үшін уәделескен жерінде тапжылмай үш күн күткен болатын. Әлгі кісі оны ұмытып кеткен екен. Үш күн өткен соң Алла елшісін сол жерде әлі күтіп тұрғанын көріп, кешірім сұрайды. Сонда Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Жігітім, мені күттіріп қойғаның үшін бір аз шаруам аяқсыз қалды»**, – дегеннен артық ештеңе айтпаған. Міне, осы оқиғаға қарасақ, уәдеге берік болудың, ұстамды, сабырлы болудың, өзгелердің кәтелігіне көз жұмып қараудың, ренжігенде де артық сөз айтпаудың маңызды екенін көреміз.

Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сөзі мен ісіннің бір жерден шығуына ерекше мән берген. Үмбетіне құлшылық етуді өсиет етсе, өзі де аяғы іскенше намаз оқыған. Жомарт болуды міндеттесе, өзі де қолында бар кезде малды отар-отарымен сыйлай алған. Бір жолы Әбу Суфиянға сонша көп мал бере салғаны сондай, ол «Пайғамбар кедей боламын деп қорықпайды екен» деп таңғалған. Кешірім жайлы айтса, өзі де небір қастандық жасамақ болғандарды кешірген. Дұға жасауды айтса, өзі де өмірінің әрбір сәтінде дұғаны аузынан тастамаған. Мейірім жайлы айтса, өзі де адамдарға ғана емес, жан-жануарларға да мейірімділік танытқан. Бұл жайында Құранда: **«Сендер жердегілерге мейірімділік танытпасаңдар, көктегілер де сендерге мейірім танытпайды»**, – деген. Алла Тағала «Рағыд» сүресінің 11-аятында: **«Кайбір қауым өзін өзгертеінінше Алла да оны өзгертеіледі»**, – деп ескерткен. Демек алдымен өзін жақсылыққа тәрбиелей алған адам ғана өзгелерге жақсы жағынан үлгі бола алады. Ал сыртқы кейіпін түзеп, ішкі адамгершілік қасиеттерін жетілдіруге мән бермегендерді халық «сырты бүтін, іші түтін» деп атаған. Ондай жандар жайында Үмбетей жырау «Сырт тазасы не керек, тазарт әуел ішінді» десе, Абай атамыз **«Иманның тазалығын жақсы ұқтырмай, Сыртын қанша жуса да іші оңбаған»** деген.

### ЖАН СҰЛУЛЫҒЫ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ?

Құранның «Бақара» сүресінің 44-аятында: **«Елді игілікке бұйырып, өздеріңді ұмытасыңдар ма? Кітапты оқисыңдар, ойландырыңдар ма?»** – делінген аят бар. Бұл аят Бәни Исраил қауымы мен олардың ғұламалары туралы болғанымен, аяттың қамтитын мағынасы кен. Яғни өзгелерді жақсы істер жасауға шақырғанымен, өздері белсенділік танытпайтындарды сынаған. Өзгелерді дұрыстағысы келгенімен, алдымен өзін тәрбиелемегендер сын садағына ілінген. Осы себепті шынайы мұсылмандыққа жеткісі келгендер өзін іштей де, сырттай да кемелдікке тәрбиелеуі тиіс. Бұл тұрғыда ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өңегінен алар сабақ та аз емес. Мәселен, күн сайын истиғфар айтып, Алладан көп кешірім тілеуді әдетке айналдырған дұрыс. Алла елшісі өзіне күн сайын 70 не 100 реттен истиғфар айтуды дағды еткен. Алла елшісі (оған Алла-

ның салауаты мен сәлемі болсын) күнәсі жок бола тұра Жаратқаннан кешірім тілеген болса, онда күнәсі көп адамдар күнделікті истиғфарын мейлінше көбейткені дұрыс. Сондай-ақ күн сайын Құран оқуды әдет еткен жақсы. Хадисте **«Құран өзін оқығандарға махшиар күні шапағат етеді»** делінген. Құранды жай ғана оқымай, мән-мағынасын түсініп оқуға тырысқан жөн. Айна анамыздан (оған Алла разы болсын) Пайғамбарымыз туралы сұралғанда: «Сендер Құран оқымайсыңдар ма, ол кісінің мінез-құлқы тұтас Құран болатын», – деп жауап қатқанын есте ұстаған дұрыс. Демек күн сайын Құран оқу арқылы мінез-құлқымызды дұрыстауға мән берілуі қажет. Шынайылыққа жетуде әр мұсылманның өзін күн сайын есепке тартып отыруы да маңызды. Хазіреті Әбу Бәкір (оған Алла разы болсын) күн сайын өзіне есеп беріп: **«Бүгін Алла разылығы үшін не істедім?»** – деуді әдет еткен екен. Сол себепті күн сайын жұртқа пайдалы істер жасауға асыққан жөн. Хадисте бұл тұрасында **«Адамдардың ең жақсысы – басқаларға пайдасы тигені»** делінген.

### ЖАН СҰЛУЛЫҒЫН ҚАДАҒАЛАУ КЕРЕК

«Басшы еліне жауапты. Отағасы отбасына жауапты. Әркім қарамағындағыларға жауапты» деген хадиске сай, әр өке өз баласының жан сұлулығына көңіл бөліп отыруы тиіс. Баланы дінге үстірт баулу жеткіліксіз. Мұсылман діні күнделікті ізгі өмір салтына айналдыруы тиіс. Адамның кісілігі, әдебі, көркем мінез-құлқы бала кезден қалыптасады. Сондықтан оны әкесі жанына ертіп жүріп, жетім-жесірге қарайласуға, үлкендерді құрметтеуге, еңбекке, шыдамдылыққа, бауырмалдыққа, туыстықты сақтауға, досқа адал болуға, тазалыққа, ізеттілікке баулуы қажет.

Пайғамбарымыз «Дін деген не?» деген сауалға **«Көркем мінез»** деп жауап қатқан. Яғни дін тек сыртқы форманы дұрыстаумен шектелмейді. Дінімізде адамның жүрек тазалығы, ешкімді күнделуі, іштарлық танытпауы, қызғанбауы, әр ісін шын пейілімен істеуі, қанағаттануы, әрдайым өзгелерге жақсылық тілеп отыруы аса маңызды.

Қорыта келгенде, дінге бетбұру, дінді ұстану сыртқы форма, кескін келбеттен гөрі адамның имандылық пен ізгілік қасиеттері бойына сіңірілуіне байланысты. Сырттай діндер көрінгенмен, ішкі жан өлемі әлі имандылықтан жұтан адамдар көпшілікке күмәнді ой салады. Сенім жүректен бастау алады. Ендеше адамгершілік пен имандылық та алдымен ішкі жан сұлулығы артырудан бастау алуы шарт. Сондықтан да сыртқы тартымдылығына ішкі жан сұлулығы, көркем мінез құлқы, адами қасиеттері үйлескен, сөзі мен ісі қабдықан, жүрегі жылы жандарды ғана нағыз иманды деп қабылдауға болады.

Алтынбек УТЫСХАНҰЛЫ,  
Атырау облысының бас имамы



Дәулет ИСКАНДЕРОВ (фотос)



Бағдат МАНАБАЕВ, «Хусамуддин ас-Сығанақи» Ислам институтының директоры:

# БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ – 9 ГІН МАМАНДАРЫНЫҢ БІЛІМІН КӨТЕРУ

– Сұхбатымызды институттың негізгі миссиясы қандай деген сұрақтан бастасак...  
 – Бұл институт – еліміздің саласындағы білімге қатысты жаңа әрі стратегиялық мақсаттағы жоба. Негізгі мақсат-міндетіміз – білімін жетілдіріп, оқуды жалғастырығысы келетін дін мамандарының шет ел аспай-ақ, өзімізде оқып білім алуына жағдай жасау. Өздері шет елге кетіп, ондағы елімізге жат ұстанымдар мен түсініктер, түрлі топтардың әсеріне ұшырамай, ата-аналарын да уайымдатпайсың, өзіміздің елде сол шетелде берілетін білімді менгерту деген игі ниетпен институт қызметін басталды.  
 – Шәкірттерді қалай қабылдайсыздар? Дәл қазір кімдер оқып жатыр?  
 – Негізгі шәкірттердің шет елде оқымай бізде оқуы үшін алдымен базалық білімі болуы керек. Сол үшін біз талапкерлерді емтиханмен қабылдаймыз. Олар университет немесе медресе қабырғасында білім алған, Ислам ілімдері мен араб тілін менгеріп шыққандықтан, сол пәндердің ішінен араб тілі бойынша емтихан қабылдаймыз. Егер жоғары нәтиже

карилар, қалғаны Ислам ілімдері бөлімінде оқып жатыр. Ижаза бөлімінде қариларымыз бір жыл оқиды. Ислам ілімдері бөлімінде құран жаттаған қарилар да бар. Оншақты шәкірт отбасымен осы жерде жатып оқиды. Басты шарт – сабақтан қалмау. Шәкірттердің ең кішісі 16 жаста болса, ең үлкені 40-ға.  
 – Оқу бағдарламасын таныстырып өтсеңіз. Қандай кітаптар оқытылады?  
 – Өзіміздің мазһабты, Матуриди ақидасын ұстанатын түркиялық Хасеки академиясының оқу бағдарламасына қарап бой түзедік. Оқу бағдарламасының шамамен 70 пайызын академияға қарап негіздеп жасадық. Жуырда Хасеки академиясынан бір ұстазды алдырып жатырмыз. Ол кісі – дәл осы бағдарлама бойынша және араб тілінен дәріс беретін білікті маман.  
 – Ұстаздар жайлы сұрағым келіп отыр еді. Жалғастырып айта беріңіз.  
 – Сонымен қоса Мысырдан келетін екі ұстазды күтіп отырмыз. Құжаттары реттеліп, жолға шығуға дайын отыр. Оның бірі құран қырағаттарынан, екіншісі араб тілінен дәріс

– Араб елдері немесе Түркияда оқып келген шәкірттер мемлекеттік үлгідегі диплом алып, ол біздің елде сертификаттаудан өтіп барып, дін маманы жұмысына қабылданады. Ал біздің дәл қазіргі мүмкіндігіміз тек Діни басқарма аясында жарамды куәлік беретін деңгейде. Өйткені «Хусамуддин ас-Сығанақи» институты – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының жобасы. Мешіт-медреселерге Діни басқарманың ұсынысы, бұйрығы бойынша қызметкерлер тағайындалатындықтан, бізде оқығаны жөнінде диплом, яғни куәлік мұғият аясында жарамды. Әрине мемлекеттік үлгідегі диплом беру де жоспарда бар, бірақ әзірге негізгі міндетіміз шәкірттердің білім деңгейін көтеру және соның нәтижесіне қарай жұмыс істеу болып отыр.  
 – Осы орайда алдағы жылдарға қандай жоспарларыңыз бар. Айта отырсаңыз...  
 – Биылдың өзінде атқарылған жұмыс өте ауқымды. Институтты тіркеу, ашу, ғимарат мәселесі, кітап қоры, ұстаздарды тарту, оқу бағдарламасы мен әдістемесін енгізу және одан өзге де қыруар іс атқарылды. Алла қаласа әлі де атқаратын жұмыстарымыз бар. Бастысы білім сапасын арттырып, шәкірттеріміздің жақсы нәтиже көрсете алуы. Биыл алғашқы оқу жылы болғандықтан, бірден шариғат ілімдеріне кіріп кетпей, араб тілін жетік менгеру мақсатында дайындық курсын ұйымдастырып отырмыз. Шәкірттеріміз араб тілін толық менгерген соң классикалық кітаптарды оқу, талдау оңай болады. Осылайша бірте-бірте шариғат білімдерін үйретуге кірісеміз.  
 – Оқу орнына нәліктен Хусамуддин ас-Сығанақи есімі берілді?  
 – Осы жазда институтты қалай атаймыз деген мәселе көтерілді. Біраз ұсыныстар болды. Сонында мақсатымыз айқын, ауқымды жоба болғандықтан кейін дінімізге де, ұлттық болмысымызға да сай келетін атау беруді ұйғардық. Әл-Фараби немесе Абай Құнанбайұлының атында университеттер де, ғылыми-зерттеу орталықтары, мешіттеріміз де бар. Сол себепті өзімізден шыққан дін ғұламалары Түркістан жерінде туған Әл-Иткани, Сайрамдағы Испиджаби, Сыр өңіріндегі Сығанақиды ұсындық. Бұхари десе, бүкіл әлем, мұсылман жұрты таниды, ал біздің елден шыққан қаншама танымал емес дін ғалымдары бар. Көне замандағы ғұламаларымызды көтерейік, соларды танытайық деген мақсатпен сонында Хусамуддин ас-Сығанақи есімі КМДБ Ғұламалар кеңесінде ұсынылып, талқыға салынды. Басқа ғалымдармен салыстырғанда осы ас-Сығанақидың бірнеше сала бойынша қолжазбалары, еңбектері осы дәуірге жеткен. Орта ғасырда өмір сүрген, араб-парсы және өзге де тілдерді менгерген, дін ілімдерін зерттеген ғұлама.  
 – Институтқа неше шәкіртке дейін қабылдай аласыздар?  
 – Негізінен 100 студентке тәлім беруге мүмкіндігіміз бар. Алла қаласа келесі жылы 60-70 талапкер қабылдап, екі топқа бөліп оқытамыз деген жоспарымыз бар. Бізде оқу, тамағы, жатын орны, тіпті оқулық, кітаптарға дейін тегін. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының «Уақыт» қоры қаржыландырып, институттың материалдық жағдайын келістіріп отыр. Осы жобаға атсалысқан барша дін қызметкерлеріне, ұстаздарға алғыс айтып, Алла разы болсын дейміз.



көрсетсе, демек араб тілін жақсы біледі деген сөз. Яғни шариғи кітаптарды, фикһ, ақида, тәспір кітаптарын оқи алады. Ал төмен балл жинап қалса, бастысы 50 балдан асса, онда бір жыл араб тілінен дайындық курсынан өтеді. Морфология, грамматика, риторика, аударма сияқты пәндер оқытылып, сөйлеу, жазу, тыңдау секілді шеберліктерге үйретеміз. Дайындық курстан сәтті өткесін Ислам ілімдері бойынша екі жыл білімін жетілдіреді.  
 – Әзірге еліміздегі бір университет пен 9 медресені тәмамдаған шәкірттер оқып жатыр. Олардың қатарында имамдық қызметте жүргендер, мешіт, медресе ұстаздары, тәрбиешілері, азаншылар да бар. 70-ке жуық талапкер емтихан тапсырып, оның 45-і өтті.  
 – Институтымыздың екінші бағыты – Құран ижазасын беру. Қариларымыздың ижаза алуы – заман талабы. Қариларымыз ижаза алу үшін шетел асып, Түркия немесе араб елдеріне баратын. Мұны да бір жолға қойып, қариларымыз да елден, отбасынан қыраққа кетпей, өзімізден-ақ ижаза алсын деген ниетпен Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының бастамасымен Ижаза беру орталығы ашылды. Шет елге барған қари пәтер жалдауы керек, күнделікті тамағы бар дегендей, ол бірнеше ай, бір жылға дейін созылатындықтан қиналуы мүмкін. Ал бізде бәрі тегін әрі мықты ұстаздарды алдырып отырмыз.

– Неше қари ижаза алуға ниеттеніп отыр? Шәкірттердің жас ерекшеліктері қандай?  
 – Жоғарыда айтқанымдай, 45 шәкірт қабылдадық. Соның 18-і ижазаға оқып жатқан беретін әйгілі әл-Азһар университетінің ұстаздары. Ал дәл қазір институтта негізгі күш төрт ұстазға түсіп отыр. Әл-Азһардан келген PhD доктор Махмуд Хасан деген ұстаз және мен араб тілінен дәріс береміз. Ижаза беру бөлімінің менгерушісі Теміржан қари Өтежанұлы бар және осы қариларға доктор Махмуд Хасан да дәріс өткізеді. Араб ұстаздың бірнеше қарағат бойынша ижазасы бар. Сондай-ақ Хасеки академиясының түлегі, жас та болса тәжірибелі ұстаз Тамырлан Дарханұлы мен оқу бөлімі, хатшылық қызметкерлерін қосқанда бас-аяғдай оншақты маман жұмыс істейміз.

– Алматыдан да оқу корпусы ашылды, ол жерде не оқытылады?  
 – Иә, Алматыда институттың филиалы бар. Бірақ онда Ислам ілімдері үйретілмейді, тек ижаза беру бөлімі Ақжолтай қари Бақытжанның жетекшілігімен жұмыс істеп тұр. Ақжолтай ұстаз да – Құранның ижазасы бар білікті маман. Өзі сабақ беріп жатыр. Бұл мегаполисте қари көп. Сол себепті ұсыныс әрі сұраныс бойынша филиал ашуды жөн санадық. Оқу корпусы кішірек, әйтсе де Нұр-Мұбарак университетінің араб ұстазы келіп 20 қарифа дәріс беруі реттелуде. Тағы бір айта кететіні, қариларымыз әзірше бір қырағат бойынша ижаза алуға талпынып жатыр. Сұраныс артып, жобамыз дами түссе, әрине Алланың қалауымен болашақта 10 қырағаттан да ижаза беретін орталыққа айналып жатсақ несі жаман?  
 – Институт тәмамдаған түлектерге берілетін дипломың мәртебесі қандай болмақ?

Сұхбаттасқан Ермұрат ШОПАН

Күз айында ҚМДБ төрағасы, бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының бастамасымен елордада «Хусамуддин ас-Сығанақи» ислам институты ашылған-ды. Аталған институт директоры Бағдат манабаевпен сұхбаттасып, оқу орнының тыныс-тіршілігімен танысқан өдік.



Мәселен, неміс жазушысы Эрих Мария Ремарктың «Қарыз ғұмыр» («Жизнь взаймы») романында бас кейіпкер – ата-анасы дүниежүзілік соғыс кезінде қайтыс болған Лилиан есімді жетім қыз. Майдан уақытында қайдан дұрыс күтім болсын, өкпесіне суық тиіп, ол көкжөтелге шалдығады. Соғыс аяқталып, бейбіт заман орнаса да, жиырмалан енді асқан Лилиан ұзақ әрі бақытты ғұмырды күтпейді. Өйткені құрт ауруынан көп ұзамай өлетінін жақсы түсінеді. Сол себепті әке-шешесінен мұраға қалған ақшаға әдемі көйлектер сатып алып, соларды киіп, сүйген жігіті Клэрфемен кездесіп, қала көшелерін аралап, қыдырып уақыт өткізеді. Бір сөзбен айтқанда, енді ұзақ жасамайтынын ұғынғандықтан, қолда бар байлықты оңды-солды шашып, өмірдің қызығын көріп қалғысы келеді. Әйтсе де Лилианды шын сүйетін Клэрфэ оның емделіп, жазылып кетуіне жағдай жасайды. Қызға үйленіп, бірге бақытты ғұмыр кешуге барын салып, әуреге түседі. Ал көп кешікпей о дүниелік болатынын сезген қыз өрнегі бір сылтауратып, шаңырақ көтерудің мерзімін кешіктіре түседі. Мұны дұрыс түсінбеген жігіт сүйгенінің басқа адамда көңілі бар ма деп күдіктеніп, іштей қызғанып, күйіп жүреді. Яғни шығармада ер мен әйел психологиясы да қамтылған. Меніңше, автор әдеби туындыны оқыс аяқтауымен ұтқан секілді. Өйткені автошабандоз Клэрфэ бір автожарыста апатқа ұшырап, қаза табады. Жуық арада өлем деп жүрген сырқат Лилианнан бұрын дені сау, тепсе темір үзетін денсаулығы бар Клэрфэ қайтыс болады. Бұл жағдай қазақтың «Адамның басы – Алланың добы» деген сөзін еске түсіретіндей. Иә, адамның ойлағаны емес, Жаратушының бұйырғаны болатыны даусы кісі де – ешкім ажал сағаты қай кезде соғатынын білмейді... Өлім күтпеген жерден келеді... Клэрфенің қазасынан кейін алты апта өткен соң, Лилиан да көз жұмады. Маған жазушының өз тұжырымдары мен толғанысын Лилианның ішкі ой-тебіреністері арқылы жеткізгені ұнады. Мейіпкер, санаулы ғана ғұмыры қалған бас кейіпкер өзгелердің дүниесіне бағыл, байлық пен атак-мансапқа құл болып, ешқашан

# СӨЗ ӨНЕРІНДЕГІ ӨЛІМ ФИЛОСОФИЯСЫ

Ұлтымыз әр тірі жан иесі ажалдан қашып құтыла алмай-тынын «өзекті жанға бір өлім» деп бір-ақ ауыз сөзбен түйіндеген. Қазақтың ғана емес, бүкіл әлем халықтарының қаламгерлері шығармаларында кейіпкердің өлімі арқылы пәлсапалық ойларын жазады, солардың бірқатарына тоқталайық.



өлместей өмір сүретіне таңғалады. Осындай жәйттарды тілге тиек еткен автор оқырмандарды Лилианның орнына өзін қойып көруге шақыратындай. Мәселен, жақын арада өлім келіп қалады-ау деп үрейленіп жүрсек, онда біз біреудің ақын жер ме едік? Өзгелермен дүние-мүлікке бола дауласар ма едік? Біреуді ренжіткен ме едік? Әрине, жоқ. Өне-міне ажалы таяп қалған адам мейірімді болуға,

жақсылық жасауға, ізгілікті насихаттауға тырысады емес пе? Енді, ойланып қарасак, бәрімізге өлім жақын күндері болмаса да, әйтеуір, түбінде бір келері хақ қой. Онда неге фәниден бақиға көшер мезгілге қазірден бастап дайындалмасқа?! Ремарктың романынан осындай ой түйдім. Орыстың сөз зергері Антон Чехов та бұл тақырыпқа өзінше үн қатады. «Гусев» әңгімесінде ол Қиыр Шы-

ғыстан, әскери қызметтен туған өлкесіне мұхит арқылы жүзіп, кемемен қайтып келе жатқан Гусев деген қатардағы жауынгердің тағдырын жазады. Құрт ауруына шалдыққан Гусев жол-жөнекей қайтыс болады. Сонда оның денесін әскерилер үрліс бойынша қапшыққа салып, аузын тігіп, әуелі қысқаша діни рәсімді атқарады да, кейін суға лақтырып жібереді. Кемеде жан тапсырғандардың мүрдесі бұрын осылай теңізге «көмілген» екен. Тұңғышқа тасталған Гусевтің денесі әуелі лоцман деген балықтардың үйірін үркітіп жібереді. Кейін акула тап болып, қапшықты пышақтай тістерімен құлмалап жыртады. Қапшықтан шығып кеткен мүрде тереңге қарай ақырын кете барады. Сол тұстың тереңдігі 4 мың метрден асатын көрінеді... «Осы сәтте жоғарыда, зенгір көкте, күнбатыс жақта бұлттар шоғырланып қалған еді. Біреуі салтанатты арқаға ұқсаса, өзге бұлт арыстанды, ал енді біреуі қайшыны көзге елестетеді. Бұйра шаш секілді будақ-будақ бұлттардың арасынан күн алтын, алқызыл, күлгін түсті сәулелерін шашып тұр. Аспан бөртегүл (сирень) тәрізді әдемі түске болады. Мұны көрген мұхит әуелі катуланып, қабағын түнгенмен, көп ұзамай, өзі де адам тілі жеткізе алмас сұлулықты сіңіріп, сондай қуанышты, шаттықты, тартымды кейіпке енеді». Қараңызшы, Чехов адам өлімінен кейінгі табиғаттың әсемдігін қалай суреттеген?! Яғни дүниеден кім өтсе де, қоршаған ортаға, қоғамға, жалпы адамзатқа бөрібір. Бұрынғы үйреншікті сүрлеуінен таймай, тіршілігін жалғастыра береді. Марқұмның отбасы мен жақындары ғана белгілі бір уақыт аралығында қайғырып, жолталды демесеніз, адамдардың бұл өмірден кеткенін әлемнің қылшығы да қисаймайды. Тек жақсылық жасағандар мен ізгілікті насихаттағандардың ісі мен сөзі ғана өл-

мейді. Орыс жазушысының әңгімесін мен осылай талдап, тарқатар едім. Чехов бұл жазғандарын ойдан шығармағанын да айта кетейін. Қаламгер Сахалиннен Сингапурға бара жатқанда, кемеде екі кісі жан тапсырып, олардың денесін жұрт теңізге лақтырып, «көмген». Яғни мұндай жағдайды ол өз көзімен көріп, әсерленген. 1890 жылы Алексей Суворин деген журналист, жазушыға жазған хатында Чехов былай деген: «Мүрде ауада айналып, суға құлап бара жатқанын көргенде, бұл жердің тереңдігі мыңдаған метр екені есіне түседі. Содан соң, жүрегіңді үрей билейді. Өзін де жақында өліп, осылай теңізге тасталатындай қорқасын». Демек орыс жазушысы куә болған жәйтті көркем шығармаға айналдырған.

Ал қазақ ақыны Абай ажал жайлы: *Өлейін деп өлмейді өлерлік жан, Әсте өлмесін білгендей қылық қылған. Ажал келіп бас салса, жанды ұрласа, Өмір қайда, сен қайда, соны до ойлан.*

*Адамзат – бүгін адам, ертең топырақ, Бүейің өмір есәрқылдап алдар бірақ. Ертең өзің қайдасың, білемісің, Өлмек үшін туғансың, ойда, шырақ, – деп жырлайды.*

Ақын-жазушылар өлім туралы неге жазады? Мұндағы мақсат – ажалдың түбі келетінін еске салу, өмірдің өткініш екенін ескерту. Қамшының сабындай қысқа әрі жалған ғұмырда ешкімнің ала жібін аттамай, таза әрі дұрыс жүруге, уақытты пайдасыз бос істер мен өсек-аянға сарп етпеуге шақырады қаламгерлер. Асыл дінімізде де бұл мәселе көп айтылады. Алла Тағала Қасиетті Құранда былай дейді: «Жан біткеннің барлығы – өлімнің дәмін татады» («Әнкабут» сүресі, 57-аят); «Сендер айнала қашып жүрген өлім сендерді қуып жетеді. Сонда көместі һәм көрнеуді білуші Аллаға қайтасындар» («Жұма» сүресі, 8-аят). Ал Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбар: «*Насихат ретінде өлім жеткізді*», – деген. Демек мұңғат әлем-стей ландшаитын астамшылықтан аулақ болып, тура жолдан ауытқымағанымыз қайырлы болмақ.



# ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІН ҰМЫТ ҚАЛДЫРМАЙЫҚ!

Адам баласының бұл өмірдегі қиын да жауаптылығы зор жұмысы - өмір сүріп отырған қоғамына лайықты ұрпақ тәрбиелеу. Пайғамбарымыз (оған алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде: «ЕШБІР АТА-АНАНЫҢ БАЛАСЫНА ТӘРБИЕ БӨРҮДЕН АРТЫҚ ӨНБЕГІ ЖОҚ», - деген.



Философия ғылымдарының докторы, профессор Берікбай Сағындықұлы: «Бала тәрбиесін негізінен жеті жасқа дейін ғана қалыптастыруға болады. Баланы бесіктен бастап қаламамен жұбату керек. Ең бастысы, баланың құлағына сіңіру болмақ. Баланың жеті жасқа дейін естіп, санасына сіңіргені есінен шықпайтынын ата-анасының ұмытпағаны әрі ескергені абзал. 10-15 жасқа келген баланы қайта тәрбиелеу өте қиын, тіпті қажетсіз болып жатады», - дегені бар. Қай қоғамда немесе қайсыбір заманда болсын, бала тәрбиесіне ең бірінші жауапты - ата-ана. Олай дейтініміз, бала күніне 5-6 сағат мектеп тәрбиесінде болса, қалған 18-20 сағат бойы үйінде, яғни ата-анасының назарында, көз алдында болады. Қазіргі кез-

де көпшілік ата-аналарда мынандай жансақ, қате пікір қалыптасқан: «Мен киімін, тамағын тауып беремін, ал тәрбиесіне мұғалім жауапты, себебі сол үшін айлық алады» дейді. Бұл дұрыс емес. Себебі мұғалім тиісті сабағын беру үшін 5-6 сағат қана уақытын алса, бала қалған уақытта өз ата-анасының қарауында болады. Сондықтан мектепте алған тәрбие сабағын ары қарай үйде ата-ана жалғастыруға тиіс.

«Баланы титтей кезінен тілін, дінін танытып өсіруіміз - біздің Алла алдындағы парызымыз. Дінімізді осы заман ағымымен сәйкестендірілген талаптарды көптеп жазу қажет. Жастарымызды жамандап байбалам салғаннан ұтарымыз қайсы? Оған да оларды жаман жолдан сақтап, ең алдымен тәрбиені дұрыс-

таған жөн» дейді Берікбай Сағындықұлы.

Есі жаңа кіріп келе жатқан балаға барынша әділетті болу, ретсіз жекпі сөйлеу керек. Жаман сөздерді баланың құлағына үйретпеу керек. Сондай-ақ баланы алдап тәрбиелеуге дінімізде тыйым салынған. Себебі көп алданған баланың бойында қоршаған ортаға деген сенім қасиеті болмайды. Сенім болмаған жерде мейірімділіктің қалыптасуы өте қиын.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде былай деген: «**Алла Тағалаға қарсы болудан сақтаныңыз. Балаларыңызға әділдік көрсетіңіз, түсіңізіңіз.**» Қандай да бір қиындық болсын, әділдік көрсетудің әдістерін ойластыру қажет.

Ұрпақ тәрбиесінде ер балаға бөлек, қыз балаға бөлек берілетін тәрбиелік ерекшеліктер бар. Бұл жерде әрбір ата-анаға байланысты тәрбие жұмыстары бөлектенеді. Әрине екеуінің де маңызы зор. «Атаға қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер» деген ұғым осыдан тұса керек.

Бүгінде көптеген ата-аналардың балалары кімдермен бірге жүргенін, қайда кеткенін, немен айналысып жүргенін хабары жоқ. Тек аман тұрса деген оймен ғана қанағаттанады. Осы жағдай кейбір кезде балалардың тез бұзылуына әкеп соқтырады. Адам баласын өркендетке жеткізетін осы үлгілі, тәрбиелі жасөспірімге барынша білім беру, өз таңдауын қабілеті мен бейіміне қарай жетілдіруге ұстаздар мен ата-аналары көмектесуі керек.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде былай деген: «**Тінті Қытайға барсаң да, білім іздеп, оқы.**» Бұл - қанша алыс барсаң да, білім үшін әлемді шарла, талаптан, сонда ғана мұратқа жетесің дегені.

Сейтқазы қажы МЕДЕТБЕК,  
Жуалы ауданының  
Құрметті азаматы  
Қызылорда облысы

# БІЗДІҢ ҚАЛАУЫМЫЗ — БЕЙБІТШІЛІК

кейде адамдар не үшін, кімге соғыс ашқанынан хабарсыз күйде қару асынып, ұрыс алаңында жүреді. әуел баста жамандықтан ада жаралған пенденің зулымдыққа бөт бұрып, оған еті өліп кетуі мәжбүрліктен туатын заңды құбылыс сияқты. ал сол заңды құбылысты кім тұжырымды, соғысуды ойлап тапқан кім? меніңше, ол - адам табиғатына жат ұғым.



Ғалымдар соғыстың тарихи тамыры туралы екі түрлі пікір айтады. Бірі «соғыс - өз бәсекелестерін жоюдың дамыған түрі, адам жаралғаны бері соғысып келеді» десе, екіншісі «қарулы қақтығыс соңғы мың жылдықта ғана пайда болды, адамдықтан аздырудың жолын тауып, адамдарды бір-бірін өлтіруге айдап салды» дейді. Егер соғысуға бейімділік бойымызға таубітті қалыптасқан болса, адамзаттың жауыздығын қалыпты деп қабылдауымыз керек қой. Алайда дәл осы ой түбімізге жетері анық.

Соғыстың шығу тегін қарастыратын ғалымдар алғашқы қақтығыстар палеолит дәуірінің соңғы кезеңінде көрініс таба бастады дейді. Оған шамамен 25 000 жыл бұрын салынған Франциядағы Пеш Мерль үңгіріндегі найзалы адамдар бейнеленген палеолит кезеңіндегі күнгір суреттерді дәлел ретінде келтіреді. Содан бері соғыссыз өткен күн жоқ шығар. Жер бетін жайлаған жамандық толастар емес. Адамзат өлермендік өзіміздікімен арыс тұншықтырып, құлқынның құлына айналып, әлемде болып жатқан мәселелердің барлығын өз қолымен жасап отыр. Құранда жер бетіндегі жамандықтың бәрі адамның қолымен жасалатыны айтылған.

Расында адам баласы қаншама қанды қырғанды бастап, дүниені қан сасытты. Сонда обалы кімге? Шыңғыс хан, Македонский, Наполеон, Питлер, осының бәрі де - тарих данқын асырып бізге жеткізген тұлғалар. Егер тарих тек әділдер жағында болса, онда әділдігі қайсы?

Ал бүгін болашақ тарих жазылуда. Қазір де әлемнің әр түпкірінде қан төгіліп жатыр. Сонда біздің қалауымыз соғыс па, әлде бейбітшілік пе? Адамзат қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманға қашан жетеді?! Қоғам қалай қарыштап дамып жатса, дәл солай құрлымға кетіп бара жатқандай. Жазушы Лев Толстой: «Соғыс - сүйсінетін емес, керісінше ең жиіреніп, жек көретін іс. Соғыстың аты - соғыс. Ол ойнайтын нәрсе емес», - дейді. Әз ашкөздігі мен саясаты үшін адамдардың тағдырын ойыншық қылған басшылар жетіп артылады.

«Соғыс - бейбіт көршіге шабуыл жасағанда тағылық, ал Отаныңды қорғағанда - қасиетті борышың! Иә, қорғаған кезде мәселе басқаша. Дегенмен өзінің қызығы үшін соғыс жасайтын барлық корольді қырып тастаса, дұрыс болар еді» дейді Мопассан. Шынында дұрыс болар ма еді?! Бірақ жауыздыққа жауыздықпен


жауап қайтарсаң, өз адамдығың қайда?! Алла Тағала қасиетті Құранда: «**Жәбір көрген мүминдерге өздеріне қарсы соғыс ашқан көпірлерге қарсы тұруға рұқсат етілді**» («Хаж» сүресі, 39-аят) дейді. Бұл айтқан қорғану, тіршілікті сақтау мақсатында соғысуға рұқсат берілгенін көреміз. Қасиетті борыш дегеніміз - осы.

Әркімнің бет алатын құбыласы бар. Ислам руханиятының құбыласы - бейбітшілік. Алла Тағала қоғамның тыныштығын бұзатын бүлік пен ірікті салуға қатаң түрде тыйым салады. Қасиетті Құранда бұл жайында: «**Бүлік шығару адам өлтіруден де бетер**» («Бақара» сүресі, 217-аят), «**Жер беті түзетілгеннен кейін бүлік жасамандар**» («Ағраф» сүресі, 56-аят) деген. Ал қоғам тыныштығын бұзған жанды Алла сүймейтінін ескертеді. Лев Толстой: «Егер әркім соғысуды не соғыспауды өз еркімен таңдап болса, соғыс болмайтын да еді», - дейді. Расында кім өз жанын әділетсіз қиып, жазықсыз адамдарды өлтіруді қалайды. Мұның бәрі айдап салушыға еріп, көзсіз сенген адасушылықтан туады. Әр жауынгер өзі үшін, өзінің намысы үшін соғысып жатырмыз деп ойлайды. Қарсыластарымен қатыгездікпен айкасады. Сөйте тұра өзінің әлдекімін мүддесіне жұтылып кеткенін білмей, әлемді жауыздықтан құтқарамыз дейді. Бейбітшілік деген басқа емес пе?

Ислам әрдайым бейбіт жолмен тыныштыққа жетуге мүдделі. Ардақты Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) өзге дін өкілдерімен байланысын тамаша етіп жүзеге асырды. Алла елшісі алғашқы кезде мүшріктерге қарағанда кітап иелерін жақын тұтты. Сол үшін христиан болған Хабаш (Эфиопия) еліне қоныс аударуға рұқсат еткен еді. Кітап иелеріне құрмет көрсетумен қатар Ислам билигі астында өмір сүріп жатқан яһуди мен христиандарға қысым жасалмауын сахабаларына өсиет еткен. Асыл дініміз қоғамдағы өзге дін өкілдерімен дін мәселесінде жанжалдаспай, парасатпен пікір таластыруды ескертеді. Бұл жайында Құранда былай дейді: «**Кітап иелерімен ең көркем түрде, сыйайлық пен әділ сақтап пікір таласындар**» («Анкабут» сүресі, 46 аят).

Дініміз «өлтірме» деп өсиет айтады. Ізгі қоғам, тыныш ел, бейбіт әлем. Адам баласының да бет алау құбыласы осы болуы керек. Науқас дертіне шипа іздеп, жаман індетінен құтылуына келгендей, адамзат та бейбітшілік пен келісімге ұмтылуы керек. Себебі әр адам соғыссыз әлемде өмір сүруге құқылы.

Айтылған ЖҮНІСХАН,  
Еуразия университетінің студенті



# ХЮРРЕМ СҰЛТАННЫҢ УАҚЫБЫ

XVI ғасырдың ортасында құрылған Осман империясындағы уақыпқа берілген дүние-мүлктің шамамен 36 пайызын әйелдер уақып өткен.

Түркияда сондай уақыптың бірі - Стамбулдағы Хюррем сұлтан мешіті. Бүгінде бұл мешіт туристер жиі баратын тарихи әрі көрікті жерлердің бірі. Екі күмбезді мешіт 1548 жылы салынған. Тарихи нысанның авторы - әйгілі түрік сәулетшісі Мимар Синан болды. Ол мешіттің қасбетін ғана емес, сонымен қатар бүкіл діни кешенді жобалаған. Содан болар бүгінде бұл мешіт Синанның стилін айқын көрсететін үлкен, әдемі сәулеттік құрылымға айналып отыр.

Хюррем Сұлтан мешіті сымбаттылығымен және талғампаздығымен ерекшеленеді. Ғимараттың геометриялық сегізбұрышты пішіні бар. Биік күмбезі, 136 арқа тәрізді терезесі бар. Ал мешіттің негізгі күмбезі жартылай күмбездермен және кең екі күмбезбен қоршалған. Сонымен қатар үстіндегі төрт мұнара ерекше сән беріп тұр. Күмбезді галереяның астынан ас үйдің төртбұрышты ауласын, монша мен субұрқакты көруге болады. Ғибадатхананың сол жағында Сүлеймен сұлтан мен оның жұбайы Хюррем сұлтан жерленген шағын кесене бар. Мінбер Барокко стилінде керемет ағаш оюмен безендірілген. Сондай-ақ сталактиттермен безендірілген михраб әсерлі көрінеді.

Хюррем сұлтан уақып құрып, Хосы мешітті салдырған. Одан

кейін басқа да нысандарды, атап айтқанда мектептер, ауруханалар, асханалар, моншалар мен субұрқактар салдырған. Хюррем сұлтан уақып қорына өзінің барлық табысының шамамен 60 пайызын аударып отырған. Уақыптың кірісі өзінің жалмақсынан, жерлерді және үйлерді жалға беруден түскен пайдадан тұрды. Хюррем сұлтан уақыпты өз қаражатымен қамтығанын мұрағат құжаттары куәландырады.

Уақып құру үшін ең алдымен бұйрықты жазбаша түрде дайындап, содан кейін өз ниетін мешітке жария ету керек. Қорға қызмет ететін «мутавалли» тағайындайды. Ол қор қызметін жүргізеді. Қордың қызметін «қадиялар» қалағалап отырады. Олар қордың ақшасы кедейлердің қажеттілігі үшін жұмсалғанына көз жеткізеді. Уақып қорларының ықпалымен кедей отбасылардың балалары білім алып, мамандық ала алатын дәрежеге жетті. Осылайша уақып қорлары ел мен қоғамның дамуына үлес қосты. Уақыптың мақсаты да осы - жағдайы төмен азаматтардың әл-ауқатын көтеру, сол арқылы Исламның дамуына үлес қосу. Себебі уақып - пендені Жаратушыға жақындататын, сарқылмайтын сауапты кепіл ететін амал.

Айибі БЕКТАСҚЫЗЫ,  
ҚМДБ «Уақып» қорының маманы

Әйел - жаратылысы нәзік жан. оның нәзіктігіне бір күш дарыған ба дерсің?! Өйткені әйелдің төзімі, жігері, мейірімі айналасын үнемі жақсылыққа бағыттайды. Әйелдің отбасындағы, тіпті күнделікті күйбең тірлік болып көрінетін асхана әлемімен байланысы да терең сырға толы.

# ӘЙЕЛ және АСХАНА



Әйел - жаратылысы нәзік жан. оның нәзіктігіне бір күш дарыған ба дерсің?! Өйткені әйелдің төзімі, жігері, мейірімі айналасын үнемі жақсылыққа бағыттайды. Әйелдің отбасындағы, тіпті күнделікті күйбең тірлік болып көрінетін асхана әлемімен байланысы да терең сырға толы.

Асхана әлемін әйелмен және адал аспен байланыстырудың да өзіндік себебі бар. «Әйел - үйдің шегесі, еркек - үйдің егесі» дейді біздің қазақ. Сонымен қатар «Әйел - үйдің көркі, еркек - түздің көркі» деп, ері түзден қай уақытта келсе де, үйі жинақы, тамағы әзір, балалары бағулы болса, мұндай әйел шаңырағының көркі екенін екі ауыз сөзбен мензеген.

Отбасылық өмірге көз жүгіртсек, оның бірнеше функциясы бар. Отбасы тек махаббаттан тұрады десек, қателесеміз. Отбасында сүйіспеншілік пен мейірімділік болу керек. Бұл сезім арқылы әр отбасыға тыныштық, берекесі кіреді. Мұсылман үшін жауапкершілік деген ауыр жүк емес. Алла Тағала ер мен әйелге теңдей міндет жүктеді. Сол жауапкершілікті сезінген ер мен әйел өз міндетін қалтқысыз атқаруға тырысады. Осы тұрғыдан алып қарағанда әйелдің үйдегі тірлігі көзге көп болып көрінетін рас. Бір ғана аз әзірлеудегі әйелдің шеберлігін айтар болсақ, бұл ерінің көңілін табудан басталады. Отбасындағы көп кикілжіңнің басы жетпейтін ақша, дәмсіз ас, жуылмаған ыдыстан басталып жатады. Асы дәмді, асханасы үйлесімді әйел мұның да ебін тауып, ерінің көңілін тыныштандырады сөзсіз. Тіпті қазіргі технология дамыған уақытта әйелдердің қолмен атқаратын тірлігін техника алмастырды. Бұл - ғылымның жетістігі.

Әйел асхана өмірінде тамақтың дәмді, құнарлы болуына аса мән беруі қажет. Отбасы мүшелерінің уақытылы әрі дұрыс тамақтануы маңызды. Шарият тұрғысынан алып қарағанда құлшылығымыздың, дұғамыздың қабыл болуы да адал асқа келіп тіреледі. Әйелдің бүкіл энергиясы, көңіл-күйі оның атқаратын ісіне әсер етеді. Мәселен, ерекше ынтамен әзірленген асқа қарағанда, қалай болса солай ықпалсыз әзірленген астың залалы көп.

Бакыраке дүние-мүлікте емес, ынтымағы жарасқан, бір-бірін қадірлеген, адал ас жеп, Аллаға шынайы құлшылық еткен отбасыға қонады. Алла осындай отбасы болуды баршамызға нәсіп етпей!

Ләззат АХМЕТҚЫЗЫ,  
ҚМДБ Әйел-қыздар секторының  
Қызылорда облысындағы жетекшісі





FIFA WORLD CUP QATAR 2022

Хорваттардың мундиальдағы ұлы жорығы 1998 жылы басталған. Сол жылы олар жаһан сайысының қола жүлдесін еншілеп, күллі әлемге қол сокқыған еді. Содан кейінгі ойындары ала-құла болып жүрді де, 2018 жылы тағы да тамсанып, әлем кубогының финалында француздарға есе жіберіп қана кідірді. Златко Далич жігіттері биыл да бабында екенін байқатты. Бірақ финалға жету жолы 2018 жылғы жағдайға өте ұқсас. Ол кезде де шешуші матчтарда ойын соңын пенальтиге жеткізіп, «лоторейда» жеңіске жетуші еді. Бәлкім айла, бәлкім сәйкестік, сондай қызыққа осы мундиалда да күә болдық.

Айттып айтпай не керек, кубок Аргентинаға бұйырды. Финал нағыз финалға лайық болды десек, артық айтпағандық шығар. Франция чемпиондықты қатарынан екі рет олжалаудың аз-ақ алдында қалды. Осы ретте мамандар бір қызық статистиканы алға тартқан. 2002 жылдан бері қалыптасқан дағды — қазіргі әлем чемпиондары келесі турнирде топтан шыға алмай қалатын.



Еркебұлан ҚУАНЫШБЕКОВ, волонтер:

ЖАНКҮЙЕРЛЕРГЕ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛДЫ

Төрткүл дүние көз тіккен Катардағы әлемдік футбол додасына елімізден жанкүйерлерден бөлек, қызмет көрсетуге ерікті жастар да барған болатын. Солардың бірі Алматыдағы Нұр-Мұбарак университетінің 4-курс студенті Еркебұлан Қуанышбековпен сұхбаттасқан болатынбыз.

— Еркебұлан, дүбірлі доп додасына барып келдің. Катарға қалай жүсті? — Катардағы футболдан әлем чемпионатына волонтер ретінде бару үшін ФИФА-ның ресми сайтына өтініш қалдырған болатынмын. Бір айдан кейін жауабы келіп, онлайн түрде екі сынақ тапсырдым. Өзім Нұр-Мұбарак университетінде оқимын, араб және ағылшын тілдерін меңгергенмін. Маусым айында Microsoft Team арқылы сұхбат ұйымдастырылды. «Катарға не үшін барамын?» деген сұраққа жауап бердім. Адамдармен байланысым, коммуникациядағы тәжірибем туралы айтып бердім. — Катардағы волонтерлік міндетің қандай болды? — Волонтерлерді стадиондарға, қонақ үйлерге бөліп, міндеттерін түсіндірді. Менің міндетім чемпионат барысында ұйымдастырылған FIFA Fan Fest деген фестивальге келушілерге ақпарат беру, жол көрсету болды. Яғни адамдарға фестиваль жөнінде, турнир жайында ақпарат берумен айналыстым. Ол үшін алдымен Алматыда онлайн дайындықтан өттім. Доха қаласына келген соң міндетіме кіретін аймақтарды толық аралап, таныстым. — Қандай құрамалармен, атакты ойыншылармен жүздесе алдың? — Чемпионаттың ашылу салтанатында көптеген әйгілі футболшыларды, аңыз ойыншыларды көрдім. Бірақ волонтерлерге ұнамады деген ақпараттар таралды. Әйтсе де өзімізге кездескен фанаттар керісінше өте жақсы деген баға берді. Бұрынғы мундиалдар қалай өткенін білмеймін, Катарда жанкүйерлерге барынша жағдай жасалды. Мәселен, өзінің құрамасын қолдап келген фанаттарға, яғни туристерден үш күнге дейін сим-картаны тегін қолдануға мүмкіндік берілді. Баратын жеріне тегін автобус бөлінді.

Сұхбаттасқан Ермұрат НАЗАРҰЛЫ

Дұман сыйлаған доп додасы

(Басы 1-бетте)

Бұлардан бөлек Жапония, Гана, Сенегал, Уэльс құрамаларының да бір көрсетері болар-ау дегенбіз. Тым шырқап кетпесе де бұл құрамалар мундиалға біраз сән үстеді. Гананың Португалияны қалай тығырыққа тіреп, әр ойында жанын сала жүргенін жанкүйерлер ұмытпас. Топтан шыға алмайды-ау деп топшылған жапондар Испания мен Германияны тобықтан қакты. Мұны былай ысырып, Сауд Арабиясының Месси бастаған Аргентинаны сенімді жеңгенінің өзі неге тұрады. Қызық болғанда, осы турнирде Аргентинаны жеңген жалғыз команда, осы — саудиялықтар. Кейінгі матчтарында қирай жеңілгеніне қарамастан, «біз әлем чемпиондарынан ұпай алғанбыз» деп мақтанып-ақ жүрмей ме?! Әсілі әр мундиальда бір құрама жарқырап көрінеді. Тосынан пайда болғандай тосыратып, кейін жанкүйер атаулының сүйіктісіне айналып кете береді. 2002 жылы Түркия солай жарқ еткен. Хакан Шүкір, Хасан Шаш бала біткеннің құмиріне айналды еді ғой. 2006 жылы Украинаның ширек финалға жетіп жығылғаны да ешкім ұмыта қойған жоқ. 2010 жылы ОАР-да Гана құрамасының ойыны көпшілікті тәнті етті. 2014 жылы Уругвай мен Италияны жеңіп, Англиямен тең ойнаған Коста-Риканың жұлдызы жанып еді. Данқты қақпашы Кейлор Навастың топ-клубтар назарына ілігетін сәті осы кез. Бұл жолғы сенсация Марокко құрамасы болды. Шынын айту керек, Ашраф Хакими, Хаким Зиеш секілді топ-ойыншылары болғанымен, ешкім бұл ұжымнан жеңіс күте қойған жоқ. Талай адамның Марокко топтан шықпайды деп бөс тіккеніне де күмән жоқ. Бірақ бәрі басқаша шешілді. Олар Бельгиядан жеңілгенімен, кейін тез ес жиды. Хорватия мен Канаданы тұсады, плей-оффта Испанияны пенальтимен жеңіп, ширек финалда португал жігіттерінің адымын аштырған жоқ. Жартылай финалда жолы әйгілі Франциямен бір-ақ түйісті. Бірақ мықтының аты мықты, француздар жеке шеберлігі тұрғысынан да, командалық ойын түйісігі бойынша да бір бәс жоғары, 2:0 есебімен еркін жеңген. Кейін Марокко үшінші орын



2002 жылы чемпион болған Бразилия 2006 жылы топтан шыға алмай қалды. 2006 жылы чемпион болған Италия 2010 жылы плей-офф кезеңіне жолдама алған жоқ. 2010 жылы әлем чемпионы атанған Испания да 2014 жылы Бразилия мен Италияның күйін кешті. 2014 жылы жұлдыздары жанған Германия 2018 жылы топта төртінші орында қалып, көңіліз статистика тізбегін жалғастыра түскен. Сол дағдыны осы жолы Франция бұзды. Осы жолы топтан еркін шықты, финалға дейінгі ойындарда аса қатты қиналған жоқ. Финалда сәл босанса ойнады, бірақ Мбаппенің голынан соң серпіліп, матч соңын пенальти сериясына дейін жеткізді. Әлбетте Аргентина ойыны мінсіз деуге келмес. Бірақ «жігіттің бабына талассаң да, бағына таласа алмайсың». Месси — бағы да, бабы да келіскен өрен, құрамасын қиналмай өрге сүйреді. Ди Мария, Хулиан Альварес, Маркос Акунья, Николас Тальяфико сияқты жігіттер лайықты ере білді. Футбол әлемінде Месси алмаған жалғыз атак осы еді, ақыры ол да бағынды. Осы жолғы турнирдің бағасы мен нарқының сонысымен де арта түскен жайы бар.

8 гол соққан Килиан Мбаппе (Франция) турнирдің үздік сұрмергені болса, Месси — үздік ойыншы, оның командаласы, қақпашы Эмилиано Мартинес — үздік қақпашы, тағы бір аргентиналық Энцо Фернандес үздік жас ойыншы атанды. Ал Бразилия шабуылшысы Ришарлисонның Сербия қақпасына шаққалай жата соққан голы турнирдің ең үздік голы атағын жеңіп алды.

Ақжігіт ӘДІЛБЕКОВ



үшін болған таласта Хорватияға да есе жіберіп алды. Бірақ олардың төрткікке кіруі де үлкен ерлік еді. Әлем Марокконың жігерлі ойынына сүйсінді. Олар жасаған ерлікті жады мықты жанкүйер жақын арада ұмыта қоймас. Мундиалдан соң сарапшылар осы Марокконың мықтыларын топ-клубтар талап ететеді деген. Сол расқа айналатын секілді. Қазірдің өзінде Софьян Амрабат, Яссин Бунулерге сұраныс жоғары. Яс Банкер Валид Реграгидің де есімі футбол тарихына жазылып қалары сөзсіз. Әрине Хорватия бұл чемпионаттың сенсациясы емес. Бірақ жалғасты жігерлі ойындарымен таңғалдырды.

Munara logo and address information: Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ресми газеті. Меншік иесі: «Munara gazeti» ЖШС

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ: Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ (тераға) Ершат ОҒҒАР Кенжеәлі МЫРЗАБАЕВ Сансызбай ҚҰРБАНҰЛЫ Смайыл СЕЙТБЕКОВ Батыржан МАНСУРОВ Нұрлан ҚАЙЫРБЕКОВ Жәнділла БЕКЖІГПОВ Марат ЖАППАСБАЕВ Ерболат ЖҮСПІПОВ Бақдәулет АБДРАХМАНОВ Төлеби ОСПАН Қуаныш СӘБИТ Серікжан ЕНШІБАЙҰЛЫ

Алтынбек ҰТЫСХАН Бейбіт ӘЛІПБЕКҰЛЫ Естай АЙТУҒАНҰЛЫ Болатбек ҰЛАСҚАНҰЛЫ Бахытбек ТӘЖІМБЕТ Әнуар ЕЛЖАНОВ Бақытжан ҚҰРАЛБАЙҰЛЫ Жолдас ҚОСПАҚҰЛЫ Хамзат ҚАЖЫМҰРАТУҰЛЫ Еркебұлан ҚАРАҚҰЛОВ Мадияр ПІРІМҚҰЛОВ Ермек МҰҚАТАЙ Асқар МҰҚАНОВ Алмас ДАНАҒҰЛОВ Елдос ЖҰМАДІЛДА

Директор — Мұрат МАНАПҰЛЫ Бас редактор — Серікбол ХАСАН Шеф редактор — Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ Шариғи редактор — Хасан АМАНҚҰЛ Жауапты хатшы — Елдар ҚАБА Фототілші — Қайсар ТҮРЛЫБЕКОВ

Редакцияның мекенжайы: Астана қаласы, Қарсаз, 3 «Munara» газетінің редакциясы Пошта: munara@mufyat.kz Телефон: 8 (7172) 999866 Жазылу индексі: 64747 Газет айына 2 рет шығады

«Munara» газеті редакциясының компьютерлік орталығында беттелді. ТАРАЛЫМЫ – 30 000 Тапсырыс: №78 Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй, «Дәуір» РПБК ЖШС Тел: 8 (727) 273-50-53 Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Басылымда Алла Тағаланың есімі мен Құран аяттары жазылғандықтан, газетті аяқасты етпеулеріңізді сұраймыз.